Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

# Әлемдік даму үрдісіндегі аймақтандырудың өзекті мәселелері
# Актуальные проблемы регионализации в контексте мирового развития
# Relevant problems of regionalization in the context of world development

Астана 2014

**ӘОЖ 93/94**
**ББК63.3**
**Ж 35**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, халықаралық қатынастар факультеті Кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды.

**Пікір білдірушілер:**

**Сайлауқызы Саулекүл**-тарих ғылымдарының кандидаты,Қазақстан Республикасы Президетінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясының, Дипломатия институтының директоры

**Ахметов Кадыр Алимжанұлы**-тарих ғылымдарының докторы, Еуразиялық Гуманитарлық институтының профессоры.

**Жаһандану заманындағы аймақтану мәселері**. 2014 жылғы ғылыми мақалалар жинағының кезекті басылымы/ П.Қ. Қилыбаева - т.ғ.к., доцент, А.Н. Оспанова доктор PhD, доцент. – Астана: ЖШС Мастер ПО, 2014 – 352 б

**ISBN 978-601-301-181-3**

Жинақта қазіргі әлемдегі аймақтардың даму үрдісі, аймақтық зерттеулердің әдісі мен методологиясы аймақтық дамудың өзекті мәселелері жан-жақты қарастырылған. Жинақта Орталық Азияның даму үрдісіне және оның әлемдік ірі державалармен байланысына айырықша назар аударылған. Кең мазмұндық, анықтамалық зерттеулер аймақтық проблемаларды зерттеумен айналысатын студенттер, магистранттар, докоранттарға арналған.

**ӘОЖ 93/94**
**ББК63.3**

**ISBN 978-601-301-181-3**

**© Еуразия Ұлттық Университеті , 2014**

**Лаура Тәңірбергенқызы Исова**
**т.ғ.к., аймақтану кафедрасының доценті Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті**

## Жаңа саяси жүйесінің қалыптасуы жылдарындағы Түркияның сыртқы саясаты (XX ғасырдың 20-30 жж)

Қазіргі жаһандану атты уақыт үдерісінде өзінің тұғырлы дамуына негіз болатын және мемлекеттілігі айқын, тегі жақын елдермен өзінің тәуелсіздікке қол жеткізген сәтінен бастап озық дипломатиялық байланыс қарқынын қалыптастыру Қазақстан секілді ілгерлі елдің ұлы мұратына айналды. Осы тұста тегі бір түркілік интеграцияны құрудың сұранысы туралы қазіргі уақытта жиі айтылып жатқан саяси пікірдің де жандануы жағдайы, сондай-ақ XX ғасырдың басындағы Мұстафа Шоқай секілді ұлт зиялыларының саяси ұстанымына бағдар болған түркілік тектегі халықтарды біріктіретін мемлекеттілік құру идеясының сағымын қайта қарау мүмкіндігі туды. Әлемдік дамудың азиялық қауымдастығына жаңаша алғышарттарды жасау сұранысын саралауда, түркілік идеяны жаңаша жасауда жан-жақты бағыт-бағдарды айқындап алуды қажет етер мәселелер қайта карауды қажет етеді. Бұл жағдайда кезінде өзге жерде қалыптасып, дүбірлі Осман атты империялық бірлестіктің негізінен шыққан қазіргі Түркия мемлекетінің жүріп өткен тарихи жолы мен белестері "кеңестік қызыл империя бұғауынан" тәуелсіздік алып, биліктің республикалық жүйесінде дамуға бет бұрған түркі тектес Орталық Азия мемлекеттерінің барлығына да мемлекеттілік қалыптастыруда негіз болады.

Түркия Республикасының сыртқы саясатындағы маңызды қадамдар имперлік жүйе құлағаннан кейін қалыптаса бастайды. Ол батыстың I дүние жүзілік соғыстағы жеңуші-мемлекеттері тарапынан Осман империясының мұраларын бөліске салуға қатысты жасалынған саяси жоспарымен байланысты еді. Түрік халқы Антанта мемлекеттерінің арабтар тұратын аймақтарды ғана емес, сондай-ақ тұрғындарының көбін түріктер құрайтын Анатолы мен Фракияны да оккупациялаған тұста, I дүние жүзілік соғыста жүргізген ұтқыр әскери операцияларымен танымал болған генерал Мустафа Кемалдың жетекшілігімен басқыншыларға қарсы көтерді.

Тарихта бұрын империя болған елдердің республика айналуы әртүрлі саяси факторларға немесе белгілі бір тұлғалардың саяси белсендігіне байланысты, осындай құрылымдық өзгерістерге ұшырап әртүрлі саяси анықтамаларға арқау болатыны бар. Мысалы, тек XX ғасырдың ортасында Ш.де Голльдің билікке келуі жолында ғана тұрақтылығы мүмкін болған және өзінің тарихында буржуазиялық революциялармен оқиғаланатын басқару жүйесіне империялар мен республикаларды алма кезек әкелген Францияның жаңа замандағы қоғамдық құрылымының саяси сипаттамасы аталмыш жүйелердегі сыртқы саясаттағы ортақ ұстанымдардың өзгермеуімен, тіпті мемлекеттің ішкі жүйесінің өзінде де мүдде қайшылығының таласының тұрақсыздығымен сипатталғаны белгілі.

Өзінің империялық құрылымдағы тарихында теңдесі болмаған Осман жүйесінің құлауынан және оның еуропалық аймақтағы саяси ұстанымдарының ғасыр тоғысындағы түбегейлі өзгеріске ұшырауынан кейінгі саяси амалдарының бетбұрысы империядан республикаға өтудің ерекшелігін қалыптастырғанын сараланып, оның таусылайтын мемлекеттік құру амалдарының үлгісімен қадағалана, жалпы қоғамдық бірлестіктер құрудағы айырықша мемлекет құру стеротиптерімен қорытындыланды.

Аса көрнекті тұлғалар санатында есімі бірінші болып аталатын Мұстафа Кемал Ататүріктің мемлекет басшысы ретінде жаңа мемлекеттік жүйе құрудағы саяси тұлғалық белсенділігі, имперлік жүйеден өткен тарихы даңғыл даңқты Түркия үшін әлемдік даму үдерістерінен озық абырой әкелді. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы тарихи кезеңдегі саяси амалдары мықты "үлкен еуропалық концерттің" дайындығында мығым отырған Еуропаның жетекші елдерінің Түркияның имперлік құрылымының құлауынан кейінгі кезеңіне күдікпен қараған сыртқы саясатының кейбір бағдары М. Ататүріктің тарих сахнасындағы саяси амалдарының танымал болуы тұсында күрт өзгерді. М.Ататүріктің киелі "түрік болуы қандай бақыт!" атты даңқты сөзі өзі құрған Республиканың ұлттық негіздегі жігерін дамудағы алғышарттарға жетелейтін дамытушы күштерді тудырып қана қоймай, қазіргі кезеңнің өзінде де Түркиядан тыс мемлекеттерде өмір сүретін түркі тектес халықтардың да бүгінгі уақыттағы ұлттық мүддесін партиоттыққа үндеуде таптырмайтын ұран.

Түркияның геосаяси орнына сай дипломатияны жаңа бағытта құруға негіз жасаған М.Ататүріктің өзі өмір сүрген заманның әлемдік өркениетке жеткен үлгісінде қоғам құруды негізге алды. Заман ағымында соншалықты өзгерісті түсіне қоймайтын адамдардың түсінігінің әлі қалыптаспаған жағдайының өзінде-ақ санаға төңкеріс жасап түркілік азамат келбетін жаңа менталитеттің тууымен құрды. Оны сол уақыт адамының санасын діни ұстанымдарымен қоса өзгертіп құрған Ататтүріктік еуропалық даму келбетінің үлгісі айқындап берді. 1923 жылдың 29 қазанында жария болған Түркия Республикасының құрылуының сәті, Мұстафа Кемал Ататүріктің мемлекет басшысы болуымен қатар келіп, оның Түркияның жаңа белесін жасаушы өмір белесіне ұласты. Бұл мемлекеттіліктің негізгі діңгегі 1924 жылы меджлисі қабылдаған Конситутциясының ең мазмұнды тұсы елдің барлық азаматтарының түріктер болып аталып көрсетілуімен ерекшеленді [3, 11 бб. ].

Түркия дүние жүзілік соғыстан кейін шетел интервенттерімен қарулы күрестің нәтижесінде ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізген елдердің алғашқысы еді. Түріктердің ұлттық мемлекет құру жолындағы күресі, Шығыс халықтары үшін аумақтың болашақ тұрақтылығын ары қарайғы қамтамасыз етудің маңызды факторы болып есептелді. Ұлт-азаттық күрес кезеңіндегі Түркияның сыртқы саясатындағы мақсат тәуелсіз ұлттық мемлекет құруға жағдай жасау, Осман империясының капитуляциялануы тұсында таңылған шетелдіктерге берілген артықшылықтар мен олардың елдің ішкі ісіне араласу мүмкіндігін түбірімен жою болатын. Мұстафа Кемал жариялаған ұлттық егеменділік және республикашылдық идеясы сұлтандық, теократиялық Түркия үшін ең жігерлі шешім ед і [3, 10-12 бб. ].

Осы тұстағы британдық, американдық сыртқы саясатпен айналысатын мекемелердің саяси жобасына ден қоймаған М.Кемал, елдің сыртқы саясатын анықтаудағы жоспарымен елiндегi ұлтшылдар тарапынан қолдауға ие болады. Жаңа түріктік мемлекет құру үшін сыртқы саяси ақуал қалыптастыру жолында М.Кемал өзінің модернизациялау жоспарын құра отырып, оның негізіне XIX ғасырда Түркияны еуропаландыру идеясын насихаттаған османдық зиялылардың көзқарасын алады. Батыстық өркениет, батыстық дүниетанымды таңдау Түркияның әлемде өзіндік орнын айқындаудың бірден-бір мүмкіндігі ретінде қаралды [3, 10-12 бб. ].

Түркияның халықаралық ауқымдағы ұстанымының нығаюы, оның ұтқыр саясатының арқасында мүмкін болған Лозанньдағы (1922-1923 жж.) бейбіт конференцияда көрінеді. Мұнда түрік дипломатиясы мемлекеттік мүддесін табанды ұстана отырып, сонымен бірге өзіне қатысты қаратеңіздік бұғазыларды демелитарациялау мен оларға халықаралық бақылау орнату секілді мәселелерде келісуге де мәжбүр болады. Ұзаққа созылған лозанньдық реттеулердің барысында конференция ауқымында түріктер ағылшындар және француздармен келіссөздер жасаса, оларға басымдылық танытуда американдықтармен байланысын пайдалана біледі. Конференция барысында өзінің тәуелсіздігі мен ұлттық егемендігін халықаралық ресми мойындауды қамтамасыз еткен Түркияның халықаралық жағдайы едәуір өзгереді. Лозанньдағы маңызды жеңіс Осман империясынан мұраға қалған шетелдіктерге ерекше жүйе жойылып, еуропалық державалардың қаржылық бақылауы ликвидацияланады. Осы конференциядан кейін елдің халықаралық жағдайын нығайту жолында Түркияның сыртқы саясаты көп жақты сипатқа ие болады. Түрік зерттеушілері Ататүрік саясатының озық жағы ретінде оның "тұрақты достыққа, тұрақты жауласуға сенбеу" ұстанымын айтады. Оның мысалы ретінде, бірінші дүние жүзілік соғыс және ұлттық қозғалыстар кезіндегі бұрынғы қарсыластары – Грекиямен, Англиямен, Франциямен, Италиямен достық қарым-қатынас орнатуға талпынысы алынады. 1925-1930 жылдары Сирия мен Ирактың мандаткерлері Англия және Франциямен жасалынған халықаралық келісімдер мазмұны Түркияның төңірегінде "достық шеңбері" түзіле бастағанын сипаттады [4, 114-118 бб. ].

Түркияның сыртқы саясатындағы негізгі ұстаным "елде бейбітшілік, әлемде бейбітшілік" атты тезиспен сипаттала, 1931 жылы билікте болған Халықтық-республикалық партияның бағдарламасына енеді. Халықаралық істерде Түркия осы ұстанымға сай қайшылық тудырған мәселелерді бейбіт жолмен достық, бейтараптық, шабуыл жасамау, бітімге келу, көп жақты келісімге келу секілді келіссөздер жасау саясатын жүргізді. Мысалы, өзінің даулы мәселелерін, оның ішінде Мосул және Александретта аудандарының, бұғазылардағы жүйелерге байланысты мүдделілік мәселесін осылайша шешуді дұрыс санайды [1,28 б.].

Отызыншы жылдардағы әлем назарындағы елдің сыртқы саясаты түпкілікті бейтараптықпен сипатталды. Түркияның елді модернизация жолына бағыттауда бейтараптық ұстанымы, 1928 жылы 31 қазанда Түркия қатысушы болып саналған Келлог-Бриан пактісіне қол қоюмен сабақтасты [2, 91б. ].

Халықаралық істердегі маңызды фактор ретінде 1930 жылғы бірқатар еуропалық державалардың Түркияны жобаланып жатқан еуропалық одаққа шақыруға ниет білдіруі болатын. Бұл Түркияның 1932 жылғы Ұлттар Лигасына қабылдануына ықпал етеді. 1934 жылдың 17 қыркүйегінде Түркия Ұлттар Лигасының мүшесі ретінде сайланды. Бұл халықаралық ұйымға мүше ретінде Түркия ұжымдық қауіпсіздік жүйесін құруға ат салысады. Аймақтағы халықаралық жағдайға жалғыздан жалғыз ықпал ете алмайтынын сезінген Түркия, таяушығыстық және балкандық елдермен күш біріктірген жағдайда өзінің қауіпсіздігін қамтамасывз ете алатынына сенімді болатын [1, 61-63 бб. ].

Кемал Ататүрік балкандық федерация құру жобасы жәйлі де ой толғайды. Бұл идеяны жүзеге асыру үшін түрік халқының жадында грек интервециясы мен оның салдары әлі ескіре қоймағанына қарамастан, Грекиямен достық қатынас орнату қажет еді. Түрік-грек белсенді ынтымағынсыз балкан елдері арасында қандай да бір ұйым құру мүмкін емес еді. 1930 және 1932 жылдары Түркия мен Грекия өзара ынтымақтастықты куәландыратын келісімдерге қол қояды. Еуропадағы осы уақытта қалыптасқан екі блокқа да тең дәрежеде ара салмақ болатын Баклакндық пакт құрудағы Ататүріктың ыңғай танытуы аймақтағы елдердің жетекші мемлекеттер ықпалында болуымен жүзеге аспай қалады [6,118 б. ].

Біршама қиын қисынды шешу түріктік дипломатия үшін таяушығыстық аймақта қалыптасады. Ататүрік Таяу және Орта Шығыс елдерінің ауқымды пактісін құруға ынталы болатын. Алайда түрік дипломатиясының мұндай пактінің қажеттігіне көз жеткізуге талпынғанына қарамастан, араб елдерінің ұстанымы оған ыңғай танытпады. Араб елдері Түркияда халифаттық сипаттағы жүйенің жойылуы мен зайырлы мемлекеттің қабылдануына біршама деңгейде наразы болатын. Нәтижесінде түрік дипломатиясының табандылығының арқасында, санаулы ғана елдердің қатысуымен, яғни Түркия, Иран, Ауғанстан және Ирак арасында Саадабад пактісіне қол қою жүзеге асады [ 5, 64 б.].

Еуропада, Шығыста өзінің белсенді саясатын жүргізу арқылы Түркия әртүрлі елдер арасындағы өзара түсіністіктің және Шығыспен Батыстың арасында байланыстырушы дәнекерШіліктің қалыптасуына жағдай жасады. Оның ынталылығы Еуропадан Орталық Шығысқа дейінгі пактіліер жүйесінің құрылуына ықпал етті. Мысалы, Югославия мен Румыния Кіші Антанта және Бакландық Антантаның, Түркия – Балкандық Антанта мен Саадабад пактісінінің мүшелері болса, ал Ирак араб әлеміндегі Саадабад пактісін танытты [5, 78-80 бб. ].

30-шы жылдардың екінші жартысындағы Еуропадағы жағдайдың шиеленіскен тұсында, қарама-қарсы ұстанымдағы жақтар Түркияны өз жағына ілестіруге талпынады. 1936 жылы ағылшындар түріктердің талаптарына ыңғай таныта отырып, бұғазыларға байланысты конвенцияны қайта карауға келіседі, ал француздар түріктердің пайдасына Александретке қатысты мәселені шешуге келіседі. Өзінің көпжақты саяси курсын жүзеге асыру жолында Түркия, Еуропадағы қарама-қарсы ұстанымдағы мемлекеттермен екі жақты тату қарым-қатынас жасау саясатын жалғасыра берді. Осылайша, XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Түркия Республикасының сыртқы саясатындағы басты

ұстанымдар позитивті бейтараптық, өзінің халықаралық мәселелерін бейбіт жолмен шешуге талпыныс, барлық елдермен тату көршілікті дамыту, елдің экономикалық дамуына сыртқы саяси жағдайды қамтамасыз ету бағытын жүргізеді [1, 15 б.].

Елін заманының озық идеялары мен жаңалықтары үрдісінде жетелеуде көшбасшы болған Ататүріктік мемлекеттік жүйе бүгінгі Түркияның халықаралық саясаттағы зор салмағын империялық кезеңнен де асырып, потенциалды ел ретіндегі саяси бағасын жасап берді.

**Пайдаланған әдебиеттер**


1. Aksin A. Atatŭrk ' ŭn diş politika ilkeleri ve diplomasisi. 1.K. Ìstanbul. 1964.
2. Esmer A.S. Tŭrk diplomasisi (1920-1955). – Yeni Tŭrkiye. Ìstanbul. 1959.
3. Кемал-паша Мустафа. Путь новой Турции. Т.1. М.,1929.
4. Киреев Н.Г. Урегулированию экономических вопросов "Лозаннского наследства" . –Проблемы истории Турции. М., 1978.
5. Тарасов П.К. Саадабадский пакт.- Международные отношения в новейшие время. Свердловск, 1968.
6. Поцхверия Б.М. Турция между двумя мировыми войнами (Очерки внешней политики). –М. , 1992.



**Нурсултанова Л.Н.**

**Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, г.Астана**


## Международный опыт инновационного развития образования и иауки

В современный период продвижение наукоемкой продукции и новых технологий на мировой рынок является важнейшим условием конкурентоспособности страны. В данной статье анализируется опыт стран, которые в наибольшей степени смогли продвинуться в этом направлении.

Великобритания является лидером науки и реализует крупномасштабные целевые проекты. В стране публикуется более 9% от мирового объема научных работ, индекс цитируемости их авторов превышает 30%. Ежегодно 29% компаний осваивают выпуск новых продуктов, 19% внедряют новые технологические процессы и 66% вовлечено в инновационную деятельность. Университеты страны выпускают 9.4% от общего количества специалистов стран – членов в ОЭСР с квалификацией «доктор наук»(Ph.D.). Великобритания входит в тройку мировых лидеров в области биологических исследований, клинической медицины, экологии, поддерживает передовой уровень научно – исследовательских работ в области прикладной математики.

Наиболее эффективными являются науко - и технопарки, создаваемые на базе университетов, «технологические коридоры», «технологические класте-

**Даркенов Қ.Ғ**
**Әлемдік саясат пен экономикадағы АҚШ пен Қытай арасындағы бәсекелестік** ........ 144
**Сергазин Е.Ф.**
**Региональный фактор в эпоху глобализации** ........ 150
**Лаура Тәңірбергенқызы Исова**
**Жаңа саяси жүйесінің қалыптасуы жылдарындағы Түркияның сыртқы саясаты (XX ғасырдың 20-30 жж)** ........ 158
**Нурсултанова Л.Н.**
**Международный опыт инновационного развития образования и науки** ........ 162
**Исова Л.Т, Дүйсембиева Ә.М.**
**Еуропалық Одақтың қорғаныс саясаты: әскери стратегиясындағы басымдылықтар және қайшылықтар** ........ 167
**Уайсова Ш.Н.**
**Инновационное и научно-техническое развитие Китая** ........ 173
**Бейсебаев Р.С.**
**Топливно-нефтяной комплекс СССР в годы Великой отечественной войны** ........ 177
**Bauyrzhankyzy A.**
**Values** ........ 183
**Шадаева Шолпан. А., Маликова А. Н.**
**Германия және Еуроодақ** ........ 188
**Кузьменко Инна Олеговна,** 193
**Исова Л.Т., Каримова А.Б.**
**Францияның сыртқы саясатындағы қауіпсіздіктің жалпы ұстанымдары. Ядролық мемлекет ретіндегі әлеуеті** ........ 206
**Kilybayeva B.K., Bauyrzhankyzy A.**
**On the subject of "Currents and theories of Social Sciences" Book review Sociological Theory: Uses and Unities** ........ 214
**Бөкешова Г.Қ.,Сейдахметова А.Е.**
**Франция - Европалық интеграцияқ үрдістердің қайнар көзі ретінде** ........ 219
**Abilova Zhanna Nurtayevna**
**New trends of China's external economy: direction to Kazakhstan** ........ 224
**Қожабек Назира Нурланқызы**
**Кытайдың Африкадағы сыртқы саясаты** ........ 229
**Жолбарысова А.Ж.**
**Әлемнің даму үрдісіндегі ядролық қауіп** ........ 237
**Серікова Д.**
**БРИКС: интеграциялық үрдісте инновация мен мүдделер тоғысуы** ........ 247
**Исова Л.Т., Ракулова А.Ж.**
**Әлемдік саясаттағы күштер ара салмағының жіктелуіндегі лоббизмнің белең алуы мен мемлекеттердің лоббисттік**

**әрекеттерді реттеуі........................................................................................ 253**
**Қилыбаева Б. Қ., Нұрмахан А.Ш.**
**Жаһандану кезеңіндегі НАТО ұстанымдарындағы**
**жаңа геосаяси бағыт-бағдар................................................................... 259**
**Жолбарысова А.Ж. ................................................................................ 270**
**Ысқақов С.С.**
**Мұнай шикізаты ресурсын барлау, игеру**
**және тасымалдау қауіпсіздігінің кешенді мәселелері........................... 276**
**Қалаш С.**
**Корей Халық Демократиялық Республикасы ядролық**
**бағдарламасының пайда болуы............................................................... 284**
**Қуралова А.Д.**
**Әлемдік саясаттағы мұсылман елдерінің салмағының артуы мен**
**орны. Ислам елдеріне қатысты көзқарас................................................ 291**
**Даркенов Қ.Ғ., Қожабек Н**
**ҚХР-дың экономикасын реформалаудың концептуалды негіздері.... 299**
**Бөкешова Г.Қ., Шадаева Ш.А.**
**Корей халқы салт-дәстүріндегі ерекшеліктер........................................ 308**
**Таргынова Меруерт**
**США и Китай: общие интересы и разногласия............................ 313**
**Бауыржанқызы Айқыз**
**Жапонияның Орталық Азия дипломатиясы:**
**"жұмсақ күш" саясаты негіздері.......................................................... 320**
**Сағынғали Бекзат**
**АҚШ миграциялық саясатын жүзеге асырудың**
**стратегиясы мен тактикасы.................................................................... 325**
**Айдарханова М.Т.**
**Қытайдың Орталық Азия елдерімен саяси**
**қарым-қатынасы: қалыптасуының ерекшеліктері,**
**проблемалары және факторлары........................................................... 333**
**Гадельшиев А. Г.**
**«Центральная Азия как сфера интересов Китая**
**в области энергетической безопасности»............................................. 339**

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

# Әлемдік даму үрдісіндегі аймақтандырудың өзекті мәселелері
# Актуальные проблемы регионализации в контексте мирового развития
# Relevant problems of regionalization in the context of world development

Астана 2014

**ӘОЖ 93/94**
**ББК63.3**
**Ж 35**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, халықаралық қатынастар факультеті Кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды.

**Пікір білдірушілер:**

**Сайлауқызы Саулекүл**-тарих ғылымдарының кандидаты,Қазақстан Республикасы Президетінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясының, Дипломатия институтының директоры

**Ахметов Кадыр Алимжанұлы**-тарих ғылымдарының докторы, Еуразиялық Гуманитарлық институтының профессоры.

**Жаһандану заманындағы аймақтану мәселері**. 2014 жылғы ғылыми мақалалар жинағының кезекті басылымы/ П.Қ. Қилыбаева - т.ғ.к., доцент, А.Н. Оспанова доктор PhD, доцент. – Астана: ЖШС Мастер ПО, 2014 – 352 б

**ISBN 978-601-301-181-3**

Жинақта қазіргі әлемдегі аймақтардың даму үрдісі, аймақтық зерттеулердің әдісі мен методологиясы аймақтық дамудың өзекті мәселелері жан-жақты қарастырылған. Жинақта Орталық Азияның даму үрдісіне және оның әлемдік ірі державалармен байланысына айырықша назар аударылған. Кең мазмұндық, анықтамалық зерттеулер аймақтық проблемаларды зерттеумен айналысатын студенттер, магистранттар, докоранттарға арналған.

**ӘОЖ 93/94**
**ББК63.3**

**ISBN 978-601-301-181-3**

**© Еуразия Ұлттық Университеті , 2014**

Во Франции поддержка инновационной деятельности сосредоточена в сфере малых и средних предприятий. Финансовая, организационная и информационная поддержка инновационных проектов, рассчитанных на промышленное внедрение, осуществляется государственным агентством ANVAR, учредителями которого являлись три министерства (промышленности, национального образования, науки и технологий, малых и средних предприятий).

В Германии непосредственная финансовая поддержка проектов осуществляется из федерального бюджета в рамках целевых программ федерального Министерства образования, науки и технологий. В Нидерландах меры государственной поддержки предприятиям в реализации инновационных проектов проводятся Министерством экономики через его агентство SENTER. Эти средства направляются на финансирование исследований и разработок в рамках государственных программ в области энергосбережения и охраны окружающей среды, на развитие экспорта, а также на проекты, выполняемые малыми и средними промышленными предприятиями.

Таким образом, опыт инновационного развития науки стран Запада показывает, что при эффективном регулировании со стороны государства можно достичь прорывных результатов.

## Литература


1. Черноморова Т. Региональная инновационная политика Великобритании// Мировая экономика и международные отношения, 2012 № 4. С. 93-104.
2. Гаврилова Н. Опыт инновационного развития Финляндии и Израиля// Мировая экономика и международные отношения, 2012 № 8. С. 59-67. .
3. Ленчук Е., Власкин Г. Инвестиционные аспекты инновационного роста: Мировой опыт и российские перспективы. М., 2009. С.115.
4. Официальный сайт МОН РК.



**Исова Л.Т**
**т.ғ.к., аймақтану кафедрасының доценті**
**Дүйсембиева Ә.М.**
**«аймақтану» мамандығының 4-курс студенті**


## Еуропалық Одақтың қорғаныс саясаты: әскери стратегиясындағы басымдылықтар және қайшылықтар

Екі бірдей дүние жүзілік соғыстың тарихи сахнасына айналған еуропалық құрлық үшін аймақтық және халықаралық қорғаныс, қауіпсіздік мәселелері мен олардың қамтамасыз етілуі қашанда аса маңызды. Сондықтан да қандай деңгейде болмасын еуропалық қоғамдастық қорғаныс үдерісін реттеуде қашанда озық шешімдерімен ілгерлі әрекет етіп келеді.

1980-ші жылдаржың соңы мен 1990-шы жылдардың басында халықаралық жүйе конфегурациясының тамырымен өзгеруінен кейін, Европаға тікелей әскери қауіп жоғалды. Бұл ақиқат, Еуропадаға америкалық әскерінің әрі қарай қатысуының керек па екендігінмен қатар, НАТО-ның да болашағын күмәнға алып келді. АҚШ та Еуропалық континенттегі қатысуын азайтқысы келіп, Еуропалық мемлекеттердің өздерінің қауіпсіздігі үшін әскери потенциалдарының күшейтуіне үмітін көрсетті. Өз кезегінде, қырғи-қабақ соғысы кезінде экономикалық салаға көңілдерін аударуға мүмкіндік берген американың «қауіпсіздік қолшатырының»1 астында болуға үйреніп қалған Еуропа мемлекеттері, өз континентінде бейбітшілікті сақтай алмады. 1991-1994 жылдар арасындағы Югославиядағы соғыстар және 1999 жылдағы Косова дағдарысы, Еуропаның әскери саладағы әлсіздігін айқын да нақты көрсетті. Еуропаның ең ірі мемлекеттері өз күштерін өз шекарасынан ары шығара алмады. Осылай олар бұл жағдайды жақсарта алмады. Бұл сәтсіздіктер, Еуропалық Одақтың халықаралық аренадағы престижін әлсізетіп қана қоймай, еуропалық мемлекеттерді, кіші және орташа тығыздықтағы конфликттерді тұрақтандыруға шамасы келетін өздерінің жеке әскери күштерін құру қажеттілігі туралы ойлануға мәжбүр етті.

2001 жылдың 11 қыркүйек оқиғасы мен Ирактағы соғыстың басталуынан кейін, АҚШ сыртқы саясатын өз бетімен немесе «ad hoc» коалициясы бойынша жүргізгісі келетіндігі айқын көрінді. Еуропалық ірі мемлекеттердің Ирактағы соғыс бойынша ұстанған ұстанымы трансатлантикалық серіктестіктің әлсіздігін көрсетіп, АҚШ-тың әскеріне салмақты өздерінікін құру туралы пікір-таластар тудырды. Ирак дағдарысынан туындаған сабақ, Еуропаның, өз ролінің, өзінің саяси потенциалына барабар еместігінің түсінуі. Алайда, АҚШ пен оның еуропалық серіктестерінің арасындағы әскери мүмкіндіктерінің алшақтығының кеңеюіне уайымға және қорғаныска жарататын қаражат көлемін көтеру туралы міндеттерді алуға қарамастан, 1990 жылдар мен XXI ғасырдың басы арасындағы бар уақытта, НАТО-ның еуропалық мүшелерінің қорғаныс саласындағы қаражатының азаюы байқалды. ЕО мемлекеттерің арасында тек Франция ғана әскери қаражатын көбейтті. ЕО-тың 375 млн адам тұратын 15 мемлекеттері, 1,6 млн адамнан тұратын әскери күшке ие, ал тұрғындарының саны 275 млн болатын АҚШ, 1,4 млн әскерден тұратын әскерге ие2. Соңғы жылдары, ЕО мемлекеттерінің ұорғаныстық қаражаттары жылына 5%-ға кеміп тұрды. 2001 жылы, ЕО-тың 15 мемлекеттері қауіпсіздік пен қорғаныс мақсатына 147 млрд доллар шамасында ақша бөлді. Бұл АҚШ-тың бұл салаға бөлген қаражатының 51% ғана еді (2001 жылы 287 млрд доллар, 2003 жылы 399,1 млрд доллар). Алайда, бұл бөлінген қаражаттың еуропа деңгейінде көп деп қарастырғанның өзінде де, оның осы ақша көлеміндегі деңгейі өте төмен болды. Мамандардың ойынша, АҚШ-тың әскери күштерінің 10%-нан көп емес болып келеді.

Осыған қарамастан, еуропалық мемлекеттерінің қарулану саласында ынтымақтастығына екі негізгі қозғаушы күш бар. Біріншісі, зеттеу мен өндіріске қаражаттарды үнемдеу мен қажетсіз бюрократиялық рәсімдерді қысқартуға мүмкіндік беретін, каруланудың маңызды бағыттар бойынша

қалымдық дайындауы. Екінші қозғаушы күш, еуропалық мемлекеттердің халықаралық саудада бәсекелестігін сақтау мен күшейтуге еуропалық қорғаныс шарығында бірігуге ынталары.

Осылай, ЕО-тың әрі қарай дамуының логикасы оның ортақ еуропалық қауіпсіздік және қорғаныс саясатының күшейтуін, сонымен бірге еуропалық қарулы күштерді құруды айтады. 1998 жылы Сен-Малода, 1999 жылы Кельн мен Хельсинкиде, 2000 жылы Ниццада өткен кездесулерде, ұарулы күштер құру туралы декларациялармен қатар, Лиссабон келісімінен кейін ЕО-тың халықаралық аренада бірыңғай статусқа ие болып, сыртқы саясат және қауіпсіздік бойынша ЕО-тың Өкілінің пайда болуы еуропалық күштерді құру керек екендігі айтылады. Еуропалық Одақ тұтас мемлекет тұстарына ие бола бастауына, әскер құру оның құтылмас кезеңін көрсетеді.

Әрине де Еуропалық Одақтың әскерін құру мәселесі, оның мүше мемлекеттерінің арасында да пікір-таластарға алып келуде. 2009 жылдың 1 қарашасында күшіне енген Еуропалық Одақдың Лиссабон келісімі бойынша, мүше мемлекеттер біріккен әскери күш құруға ынталарын білдірсе, олар оны құра алады. Осылай, 2009 жылы 19 қарашада, Рим қаласындағы резиденция-сында италия сыртқы істер министрі Франко Фраттини, британдық The Times газетіне берген сұқпатында, Италия үкіметінің еуропалық әскер құруын қолдайтындығын мәлімдеді3. Франко Фраттини ойынша, ЕО халықаралық аренада қауіптерге кездесуде, егер Қытай мен АҚШ G2-ге біріксе, атлантикалық серіктестікті ұмыту керек деп атап кетті. Ал Ұлыбритания премьер-министрі Дэвид Кэмеронның BBC –ге мәлімдемесі бойынша «Еуропалық Одаққа ешқандай әскер де, әуе күштері де керек емес»4 деді. Егер де бұл мәселе, мүше мемлекеттер арасында әлі де келіспеушіліктерге алып келсе, болашақта әскер құру мүмкіндігі бар ма деген сұрақ туындайды. Және де ең маңыздысы, әскер құруға бірдауыспен келіскеннің өзінде де, ЕО—тың оны құруға мүмкіндігі бола ма? Енді осы сұраққа жауап іздеп көрейік.

Біріншіден, айталық, Еуропалық әскер құрған жағдайда, оны кім басқарады дейік? Америкалық жазушы, Роберт Кеганның «Of Paradise and Power: America and Europe in the New World Order» атты кітабында автор екі дүние жүзілік соғыстардың барлығы Европа континентінде болған, және де деке мемлекеттердің Европадаға лидердігі үшін болған. Автор, Европаның ірі мемлекеттері (Германия,Франция, Ұлыбритания) әрқашанда бірінің Европада сөзсіз лидері, басшысы болуынан қорықады. Сол үшін олра бір одаққа бірікті. Және, АҚШ НАТО арқылы олардың бір деңгейде дамуын қадағалауына мүмкіндік берді. Осылай, ғасырлар бойы бір-бірінің көшбасшы болуынан қауіптенген мемлекеттер, ең маңызды және мықты салада бірінің әскер басшысы болуын қалай жібереді? Бұл оданда күрделі мәселелер тындатуы мүмкін емес пе? Ал енді олар, ротация методы арқылы белгілі бір мерзім аралығында мүше мемлекеттердің ауысуы арқылы басшылықты алса, оның тиімділігі туралы мәселе туындайды. Қазіргі таңда ЕО-та 28 мүше мемлекеттер бар, олардың әр қайсысы қанда ай немесе жылда өзгеріп тұрады? Өте аз мерзімге таңдалған басшылық, оның тез арада басқамен ауысуы әкімшілік басқаруда бейберекет алып келеді.

Екіншіден, еуропалық әскер құрылған жағдайда, оны қаражаттандыру мәселесі көтеріледі. 2003 жылы басып шығарылған Ресей Ғылым Академиясының Халықаралық Экономика және Халықаралық қатынастар институтының И.С.Королеваның рекадциялығының астында басылған «Мировая экономика. Глобальные тенденции за 100 лет» атты кітабында, еуропалығ мемлекеттердің финанстық жағдайлары қарастырылады. Олардың пропорционалды еместігі бойынша, ЕО қбюджетінің экономиканың маңызды салаларына жұмсалатыны қарастырылады. 2008 жылғы әлемдік жағдарысы, Грекиядағы дефолт жағдайынан жақын дағдарыс ЕО-тың финанстық мәселесінің күрделігін көрсетеді. Соңғы жылдары, Ұлыбританияның ЕО-тан шығу туралы ойлары да, мүмкігдігіде оның ЕО-тың кедей мемлекеттерін арқалауға ынтасының жоқтығымен түсіндірілді. Қазірдің өзінде, оның әскерінің жоқ кезігде Еуропалық Одақ өзінің финанстық жағдайымен күресе алмай жатқанда, оның әскері құрылған жағдайда не болады?

Үшіншіден, Еуропалық әскер құрылған жағдайда, оның контингентінің саны туралы мәселе көтеріледі. Еуропалық Одақта қазіргі таңда 28 мүше мемлекет бар. Әрине де, олардың демографиялық жағдалары әр түрлі болып келеді. Германия (81 млн адам) халқының саны бойынша ең ірі мемлекет болса, Мальта (417 мың адам) ең кішісі болып келеді. Еңді әскер санын жинау үшін әр мемлекеттен қанша әскер жиналуы тиіс? Олардың пропорциясы сақталмайтыны анық болып келеді. Адам құқықтарын ең басты мәселе, құндылыққа алатын ЕО бұл пропонцияны шеше алмаса, іші тұрақтылық сақтала ма? Еуропалқық Одақтың нейтралды мемлекеттерінің статусы бойынша да күрделі мәселе туындайды. Олар әскерге адам беретін болса, өз статустарын сақтай алады ма?

Жоғарыда көрсетілген болжамдар бойынша, өткен ғасырда туындаған еуропалық әскер құру мәселесі әлі күнге дейін өзекті болып келіп, өз шешімін таппағандығын байқаймыз. Осыған қарап, Еуропалық Одаққа әскер құрудың қажеті бар ма деген сұраққа келеміз. Еуропалық Одақ интеграцияның ерекше мысалы болып келеді. Керісінше, осы бағытта оның дамуы керек шығар?

Еуропа бұрыннан адам мен қоғамның тіршілік етуі мен дамуына қолайлы сыртқы жағдайларды ұсынған. Мұнда климаттың күрт өзгерулері, шөлдер, далалар мен бос алқаптардан тұратын орасан кеңістіктер болмаған. Еуропаның оңтүстік, батыс және солтүстік бөліктеріне күрделі конфигурация тән келген: жер бетінің ешбір бөлігі осыншама ұзаққа созылған жағалау сызығына ие емес және теңізбен осыншама тығыз байланысты болмаған. Түрлі географиялық-климаттық аймақтарда өндірілген түрлі тауарлар адамдарды айырбаспен, саудамен айналысуға, еңбек бөлінісіне ұмтылуға итермеледі. Халықтың тығыздығы бұл жерде үнемі жоғары болған. Еуропада салыстырмалы алғанда тар кеңістікте көптеген халықтар қатар тұрып жатты. Осының барлығы Еуропаның жүздеген жылдарға созылған баяу үрдістің барысында ғылымның, экономиканың, өркениеттің орталығына – ең тығыз кеңістікте халықтардың өмірінің аса қуатты күші шоғырланған әлемнің бөлігіне айналуына септігін тигізді. Бұдан еуропалық ұқсастық неге негізделеді деген сұрақ туындады. Оның саяси құрылымдарға негізделмегені анық: Шығыс пен Батысқа бөліну

өткенге кетіп, Еуропалық Одақ кем дегенде Еуропаның Батысында, Солтүстігінде және Оңтүстігінде ынтымақтастықтың тұрақты нысандарын дамытқанымен, Еуропа ортақ саяси қызметті қамтамасыз ететін құралдарға ие болмады. Еуропалық бірегейліктің кейбір элементтері экономикалық интеграция үрдісінен көрініс табуда. Еуропалық бірігудің неғұрлым көрінерлік белгісі ортақ еуропалық әскер емес, еуро болатындығы кездейсоқ емес. Бірақ еуропалық бірегейліктің аса маңызды элементі ортақ мәдениет пен «еуропалық құндылықтар» болып табылады.

Қазіргі таңда «еуропалық құндылықтар» (ортақ Еуропа «құрылысшысының идеалдары») түсінігі кең тараған. Ол дау-жанжалдарды бейбіт жолмен шешу қажеттілігі туралы түсінікті, адам мен этникалық аз топтардың азаматтық және саяси құқықтары мен бостандықтарын сақтауды қамтиды. «Еуропалық құндылықтардың» басқа құрамдаушылары – қоғамдық бірауыздылық пен еуропалықтардың ахуалын арттырудың негізінде экономикалық және саяси қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қауіпсіз және бейбіт сыртқы жағдайды сақтау. Бұл құндылықтар көптеген еуропалық емес елдер мен аймақтардың саяси мәдениетіне ықпал етті және осы ықпалын сақтауда.

Ішкі саяси деңгейде бұл құндылықтарды барлық біріккен еуропалық мемлекеттер бөлісуде. Осы құндылықтардың негізіндегі саяси мәдениет пен халықаралық қатынас этикасы шындығында бірқатар әлемдік саяси секірістерге ықпал етті. Өткен ғасырдың екінші жартысындағы өз рухы мен идеологиясы бойынша нағыз «еуропалық» құжаттардың бірі – 1975 жылы Хельсинкиде қол қойылған Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі Мәжілістің Қорытынды актісі. Бұл «құндылықты» құжат ақырында 1990 жылдардың басындағы әлемдік саясаттың орасан трансформациясындағы айтарлықтай құқықтық, саяси және дипломатиялық рөлді атқарды. Формалды түрде (бірақ ішінара фактілі түрде де) ол Шығыс Еуропа, Ресей мен басқа ТМД елдеріндегі посткеңестік қайта құрулардың «моральдық кодексі» ретінде қызмет атқарды. Еуропалық гуманистік құндылықтар осылайша бұрынғы социалистік елдердегі антикоммунистік оппозициялардың легитимациясында маңызды роль атқарып, олардың трансформациясын жеделдетті.

Егер АҚШ – әсіресе кіші Дж. Буш әкімшілігі кезінде – өз ықпалын тура және күштің көмегімен жүргізетін болса, ЕО елдері жанама құралдардың көмегімен халықаралық қатынастарға «жұмсақтау» ықпал етуге тырысады. Атап айтсақ, олар гуманитарлық құндылықтарға зиян келтіру фактілерін анықтаудағы өз беделін мұқият сақтауда. ЕО елдерінің ықпалы зор болатын Еуропа кеңесі - әлемнің ең радикалды және сонымен бірге ең ықпалды құқық қорғау ұйымы. Формалды түрде ол еуропалық деп саналады. Іс жүзінде Еуропа кеңесі құқық қорғау нормаларының жалпы әлемге ортақ канонын құрастырып, оны қатаңдатып, бүкіл халықаралық қауымдастыққа таратуға тырысады. Бүкіл әлемдегі құқық қорғаушыларының (әсіресе 2004 жылғы Ирактағы «құқық қорғау дауларының» реңінде) олардың елдерінде орын алған адам құқықтары мен саяси бостандықтарға байланысты жағдайларға берілген еуропалық бағаларды бағдар ететіндігі кездейсоқ емес. Құқық қорғау белсенділігі саласындағы көшбасшылық Еуропалық Одаққа қажет болған жағдайда әлемнің

белгілі бір елдеріне жеткілікті шамада тиімді қысым көрсету мүмкіндігін береді. Сол себепті ол ЕО ұйымдастырушылық ресурсының, сондай-ақ оның моральдық-саяси ықпалының элементі болып табылады.

Еуропалық Одақ халықаралық аренада өз ұйымдастырушылық ресурсын тиімді пайдаланады, ол ЕО-тың көптеген көпжақты жалпы әлемдік және аймақтық ұйымдарға, тәртіптерге, диалогтарға, форумдарға және т.б. қатысуымен анықталады. Өсіп және тәжіриби жинап үлгерген Еуропалық Одақ шенеуніктерінің аппаратына көпжақты өзара әрекеттесу, олардың негізінде шешімдерді әзірлеу және шығарудың логикасы жақын келеді. ЕО шенеуніктері ірі ұлттық мемлекеттердің үкіметтерінің қызметкерлеріне қарағанда ұйымдастырушылық ресурсты неғұрлым шеберлікпен пайдалануға қабілетті. Өз ұйымдастырушылық ресурсын тірек ете отырып, ЕО өз әріптес-елдерімен ынтымақтастық шарттарын өз заңнамасының, іскерлік тәжірибесінің және саяси құндылықтарының ерекшеліктеріне табанды түрде бейімдейді. Ұйымдастырушылық ресурс еуропалықтарға халықаралық дамудың ұзақ мерзімдік өзгерістерінің біреулерін итермелеп, және келесілерін тежей отырып, өз мүдделерін көздей келе халықаралық ортаның «құрылымдалуына» ықпал ету мүмкіндігін береді. ЕО ықпалымен болатын осындай трансформациялар біртебірте өтеді және негізінен халықаралық қатынастардың сауда және қаржылық аспектілеріне қатысты келеді.

Ұлыбритандық стратегияшы Роберт Купердің 2005 жылғы «The breaking of nations order and chaos in the twenty-first century» атты кітабында, әлемдік тәртіпті үш модельге бөледі5. Автор олардың ескі әлемдік тәртіп, жаңа әлемдік тәртіп және пост-модер әлемдік тәртіп деп бөледі. Алғашқы екеуінде, әлемдік тәртіп империялардың басымдылығына, мемлекеттің гегомониясына, әскери күштің басымдылықтарына сүйенсе, пост-модерндік тәртіпте ингеграцияланған, индивидуалдардың құқықтарын қорғап, соғысқа мүмкіндік бермейтіп тәртіп орнағанын айтып кетеді. Осы пост-модерн тәртібінің ең жарқын мысалы ретінде Еуропалық Одақты атап кетеді. Мүмкін, Еуропалық Одақтың халықаралық аренадаға орны осы статус болар? Жаһанданған әлемде интеграциялық топтардың құрылып, олардың ары қарай дамуына ЕО-тың үлесі осы болса, оған әскердің керегі бар ма?

Қорытындалай келе, Еуропалық Одақтың реформасы туралы 2007 жылғы Лиссабон келісімінен (2009 жылдың 1 желтоқсан) кейін өзінің қазіргі атын алған Еуропалық Одақтың ортақ сыртқы және қорғаныс саясаты, халықаралық аренада маңызды ықпал етудің жаңа бағыты болып келді. Ортақ сыртқы және қорғаныс саясатын (ОСҚС) құруды Еуропалық Одақ, XX ғасырдың соңында бастады. Ол өз негізін, оның алдында халықаралық қауымдастықпен және мүше мемлекеттермен жинаған тәжірибеге сүйене отырып салды. Ортақ сыртқы және қорғаныс саясаты арқылы қазіргі таңда Еуропалық Одақ бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін керекті ресурстарға иеленуге, Еуропада ғана емес, бірақ әлемдегі де ұжымдық қауіпсіздіктің маңызды элементтерінің бір бөлігі болуға талпынуда. Қазіргі әлемдегі геосаяси жағдай тарихи, саяси, экономикалық және әлеуметтік сипаттағы өткір қарама-қайшылықтар кешеніне толы. Ұлттық қауіпсіздікпен қамтамасыз ету, әрбір мемлекеттің дамуының

орталық маңызды стратегиялық тапсырмасы болып келеді. Еуропалық Одақтың, Лиссабон келісімінен кейін бірыңғай статусын алуынан кейін, бұл мәселе, жеке мемлекеттердің ғана емес, одаққа мүше 28 елдердің ортақ қауіпсіздік стратегиясын құрудың маңыздылығын көрсетеді.

### Пайдаланылған әдебиеттер


1 Robert Kagan. «Of Paradise and Power: America and Europe in the New World Order» Knopf Doubleday Publishing Group. 2003. 174б

2 Киссинджер Г. Нужна ли Америке внешняя политика. -М., - 2002. 174

3 Италия үкіметінің еуропалық әскер құруын қолдайтындығын мәлімдемесі http://www.newsru.com/world/16nov2009/italia.html

4 Ұлыбритания премьер-министрі Дэвид Кэмеронның ВВС –ге берген мәлімдемесі http://evrazia.org/news/29930

5 Robert Cooper. « The Breaking of Nations. Order and Chaos in the Twenty-First Century» Atlantic Books. 2003. 180б.



**Уайсова Ш.Н.**
**Казахская инженерно-техническая академия, г.Астана**


## Инновационное и научно-техническое развитие Китая

Курс на инновационное развитие страны предполагает коренную модернизацию ключевых отраслей, преодоление накопленной технологической отсталости. Превое десятилетие XXI века характеризуется интенсивным научным, технологическим и инновационным развитием все большего числа стран мира. За последние XX лет темпы прироста глобальных научных расходов почти в 2 раза опережали темпы прироста мирового ВВП. Численность научных работников в мире выросло с 4 млн. в 1995 г. До 6 млн. в 2010, за счет быстрого роста кадрового потенциала науки в развивающихся странах.

Важно подчеркнуть, что совокупный баланс сил глобальной экономики сейчас меняется в пользу развивающихся стран, именно они наиболее масштабно и динамично развивают свою науку. В Китае, Индии и разили поставлены амбициозные государственные задачи, реализованы крупные программы по развитию фундаментальной и отраслевой науки и высокотехнологичной инфраструктуры. Сочетание роста капиталовложения в науку и образование с надежными инвестиционными стимулами и благоприятными финансовыми условиями обеспечить усиления их технологического и экономического потенциала.

По оценке Всемирного банка, страны Восточной Европы и Центральной Азии с формирующимися рынками пострадали в результате глобального кризиса более других.

**Даркенов Қ.Ғ**
**Әлемдік саясат пен экономикадағы АҚШ пен Қытай арасындағы бәсекелестік** ........ 144
**Сергазин Е.Ф.**
**Региональный фактор в эпоху глобализации** ........ 150
**Лаура Тәңірбергенқызы Исова**
**Жаңа саяси жүйесінің қалыптасуы жылдарындағы Түркияның сыртқы саясаты (XX ғасырдың 20-30 жж)** ........ 158
**Нурсултанова Л.Н.**
**Международный опыт инновационного развития образования и науки** ........ 162
**Исова Л.Т, Дүйсембиева Ә.М.**
**Еуропалық Одақтың қорғаныс саясаты: әскери стратегиясындағы басымдылықтар және қайшылықтар** ........ 167
**Уайсова Ш.Н.**
**Инновационное и научно-техническое развитие Китая** ........ 173
**Бейсебаев Р.С.**
**Топливно-нефтяной комплекс СССР в годы Великой отечественной войны** ........ 177
**Bauyrzhankyzy A.**
**Values** ........ 183
**Шадаева Шолпан. А., Маликова А. Н.**
**Германия және Еуроодақ** ........ 188
**Кузьменко Инна Олеговна,** 193
**Исова Л.Т., Каримова А.Б.**
**Францияның сыртқы саясатыидағы қауіпсіздіктің жалпы ұстанымдары. Ядролық мемлекет ретіндегі әлеуеті** ........ 206
**Kilybayeva B.K., Bauyrzhankyzy A.**
**On the subject of “Currents and theories of Social Sciences” Book review Sociological Theory: Uses and Unities** ........ 214
**Бөкешова Г.Қ.,Сейдахметова А.Е.**
**Франция - Европалық интеграцияқ үрдістердің қайнар көзі ретінде** ........ 219
**Abilova Zhanna Nurtayevna**
**New trends of China’s external economy: direction to Kazakhstan** ........ 224
**Қожабек Назира Нурланқызы**
**Кытайдың Африкадағы сыртқы саясаты** ........ 229
**Жолбарысова А.Ж.**
**Әлемнің даму үрдісіндегі ядролық қауіп** ........ 237
**Серікова Д.**
**БРИКС: интеграциялық үрдісте инновация мен мүдделер тоғысуы** ........ 247
**Исова Л.Т., Ракулова А.Ж.**
**Әлемдік саясаттағы күштер ара салмағының жіктелуіндегі лоббизмнің белең алуы мен мемлекеттердің лоббисттік**

**әрекеттерді реттеуі............................................................................ 253**
**Қилыбаева Б. Қ., Нұрмахан А.Ш.**
**Жаһандану кезеңіндегі НАТО ұстанымдарындағы**
**жаңа геосаяси бағыт-бағдар.................................................................. 259**
**Жолбарысова А.Ж. .............................................................................. 270**
**Ысқақов С.С.**
**Мұнай шикізаты ресурсын барлау, игеру**
**және тасымалдау қауіпсіздігінің кешенді мәселелері............................ 276**
**Қалаш С.**
**Корей Халық Демократиялық Республикасы ядролық**
**бағдарламасының пайда болуы.............................................................. 284**
**Құралова А.Д.**
**Әлемдік саясаттағы мұсылман елдерінің салмағының артуы мен**
**орны. Ислам елдеріне қатысты көзқарас.................................................. 291**
**Даркенов Қ.Ғ., Қожабек Н**
**ҚХР-дың экономикасын реформалаудың концептуалды негіздері.... 299**
**Бөкешова Г.Қ., Шадаева Ш.А.**
**Корей халқы салт-дәстүріндегі ерекшеліктер......................................... 308**
**Таргынова Меруерт**
**США и Китай: общие интересы и разногласия........................... 313**
**Бауыржанқызы Айқыз**
**Жапонияның Орталық Азия дипломатиясы:**
**"жұмсақ күш" саясаты негіздері.......................................................... 320**
**Сағынғали Бекзат**
**АҚШ миграциялық саясатын жүзеге асырудың**
**стратегиясы мен тактикасы.................................................................... 325**
**Айдарханова М.Т.**
**Қытайдың Орталық Азия елдерімен саяси**
**қарым-қатынасы: қалыптасуының ерекшеліктері,**
**проблемалары және факторлары............................................................ 333**
**Гадельшиев А. Г.**
**«Центральная Азия как сфера интересов Китая**
**в области энергетической безопасности»............................................. 339**

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Аймақтану * Регионоведение * Regional studies *

# Әлемдік даму үрдісіндегі аймақтандырудың өзекті мәселелері
# Актуальные проблемы регионализации в контексте мирового развития
# Relevant problems of regionalization in the context of world development

Астана 2014

**ӘОЖ 93/94**
**ББК63.3**
**Ж 35**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, халықаралық қатынастар факультеті Кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды.

**Пікір білдірушілер:**

**Сайлауқызы Саулекүл**-тарих ғылымдарының кандидаты,Қазақстан Республикасы Президетінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясының, Дипломатия институтының директоры

**Ахметов Кадыр Алимжанұлы**-тарих ғылымдарының докторы, Еуразиялық Гуманитарлық институтының профессоры.

**Жаһандану заманындағы аймақтану мәселері**. 2014 жылғы ғылыми мақалалар жинағының кезекті басылымы/ П.Қ. Қилыбаева - т.ғ.к., доцент, А.Н. Оспанова доктор PhD, доцент. – Астана: ЖШС Мастер ПО, 2014 – 352 б

**ISBN 978-601-301-181-3**

Жинақта қазіргі әлемдегі аймақтардың даму үрдісі, аймақтық зерттеулердің әдісі мен методологиясы аймақтық дамудың өзекті мәселелері жан-жақты қарастырылған. Жинақта Орталық Азияның даму үрдісіне және оның әлемдік ірі державалармен байланысына айырықша назар аударылған. Кең мазмұндық, анықтамалық зерттеулер аймақтық проблемаларды зерттеумен айналысатын студенттер, магистранттар, докторанттарға арналған.

**ӘОЖ 93/94**
**ББК63.3**

**ISBN 978-601-301-181-3**

**© Еуразия Ұлттық Университеті , 2014**

10. Соглашение о сотрудничестве в сфере безопасности на Каспийском море // http://news.kremlin.ru/ref_notes/785
11. Устав Содружества Независимых Государств // http://www.cis.minsk.by/page.php?id=180
12. Устав Организации Договора о коллективной безопасности // http://www.odkb-csto.org/documents/detail.php?ELEMENT_ID=124
13. Бордюжа: вопрос о вступлении Ирана в ОДКБ не стоит // http://www.vesti.ru/doc.html?id=362718
14. Хартия Шанхайской организации сотрудничества // http://www.sectsco.org/RU123/show.asp?id=86
15. Вопрос о членстве Ирана в ШОС решат после снятия международных санкций // http://ria.ru/world/20120606/666711873.html
16. Устав Организации за демократию и экономическое развитие – ГУАМ // http://guam-organization.org/node/449

**Исова Л.Т.**
**т.ғ.к., аймақтану кафедрасының доценті**
**Каримова А.Б.**
**«аймақтану» мамандығының 4-курс студенті**

## Францияның сыртқы саясатындағы қауіпсіздіктің жалпы ұстанымдары. Ядролық мемлекет ретіндегі әлеуеті

Мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында, барлық Франция азаматтарының мемлекеттерінің ұлылығына деген сенімділік, басты фактор деп айта аламыз. Өз мемлекеттерінің ұлы екеніне олар толық сенімді, бұл голлисттік дәстүр. Басқа мемлекеттерге қарағанда, Франция өз колониалды тарихы үшін кінәлілік комплексін сезбейді, ол өз кезегінде мемлекеттің әлемдегі жаһандық рөлге ұмтылуға итермелейді, ал ол ниеті батыс елдері мен «үшінші әлем елдері» арасында дәнекер болуға ұмтылысынан көрінеді. Франция ешқашан біржақты гегемонизмге ұмтылмаған. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету, дәстүрлі түрде, көпполярлы әлемде ұлы державалардың теңдігі арқылы жүзеге асады деп қарастырылады. Бұл биполярлы жүйе кезіндегі де Голль идеясы. Оның пайымдауынша көпполярлы әлем, биполярлыға қарағанда әлдеқайда тұрақты, халықаралық қатынастар іргесінде тепе-теңдік принципі болу керек. Мемлекеттің икемді баланс саясаты және екіжақты одақтардан гөрі көпжақтыларын жақтауы да осыдан [1, 107 б.].

Сонымен қатар Франция әскери құралдарды да қорғаныс саясатының іргесі ретінде қарастырады. Оның дәлелі ретінде НАТО-дан және басқа Еуропа мемлекеттерінен ұлттық қорғаныс мәселелері бойынша оқшаулану және өзіндік ядролық саясат жүргізуін айта аламыз.

Қорғаныс саясатының негізгі мақсаты оның өмірлік, стратегиялық және мемлекеттік қызығушылықтарын қорғау. Бұл жағдай әр уақытта өзгеріссіз

қалады, және үнемі шығатын «Қорғаныс бойынша Ақ кітабында» айқындалады. Қорғаныс саясатындағы негізгі приоритеттері ретінде халқы мен территориясын қорғау, ұлтқа зиян келтіре алатын қауіп қатерлердің алдын алу болып табылады. Халықаралық және Еуропалық қауіпсіздікке үлес қосуы да негізгі приоритеттерінің бірі. Қауіп қатерлер елдің қарулы күштерді он екіге жуық әртүрлі сценарийлерде қолдануға итермелейді,олар: «террористтерді шабуылдау», «зымырандық шабуыл қауіпі», «НАТО-дағы одақтастық міндеттерді орындау», «бітімгершілік операциялары», «табиғи апаттардан кейінгі зардаптарды леквидациялау», «кибершабуыл» және т.б.

Қорғаныс саясатының принциптері – тәуелсіздік пен ынтымақтастық. Оның мәні одақтастық (сонымен қатар НАТО) міндеттерді орындау кезінде, мемлекет болашағына ықпал ете алатын шешімдерді қабылдау кезіндегі іс әрекет бостандығының сақталуында. Қазіргі кезде бұл принциптер келесі әрекеттерден көрінеді: одақтарды сақтауға ұмтылыспен қатар өз күшіне сүйену, шешім қабылдау кезіндегі ұлттық автономияны сақтау, көпұлтты сыртқы операцияларды жүргізудің әскери және саяси қажеттілігі, уақытша коалицияларда ұлттық қатысудың кепілі.

Жоғарыда айтып өткендей, Франциядағы қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік бойынша доктринасы «Ақ кітап» деп аталады. Ол жерде стратегиялық концепция, бюджет және көптеген мемлекеттермен қарым қатынастар айқындалады [2].

Шарль де Голль кезіндегі алғашқы кітап 1972 жылы жарық көрді, ол Францияның стратегиялық тәуелсіздігіне арналды, сонымен қатар әскери күшінің нақты мүмкіндіктерін бағалады.

Келесі «Ақ кітап» 1994 жылы, халықаралық аренада көптеген өзгерістерге бейімделу мақсатында шығарылды. Ол әлемдегі болып жатқан КСРО-ның ыдырауы; «қырғи қабақ соғысының» аяқталуы, Германияның бірігуі сияқты үрдістерге жауап ретінде болды. Жаңа концепция аймақтық шиеленістердің алдын алу мен реттеуге бағытталды, әлемнің түрлі аймақтарында операциялар жүргізу француз әскерлерінің міндеттеріне кіретін болды. Алайда ондай операциялар жүргізу үшін қаржы тапшылығына тап болған, сол себепті Францияның одақтастарына тәуелділігі де айтылған, әсіресе АҚШ-қа. Кез келген операция БҰҰ-ның мандатымен ғана бастала алатыны да ерекшеленді. Әрине бұл доктрина әскери күштердегі модернизацияны талап етті, бұндай реформа 1996 жылы жүзеге асты: келесі алты жыл ішінде қарулы күштері реформалауға ұшырап, қысқартылып, шақыру жүйесінен контракт жүйесіне ауысуы тиіс еді [3].

Николя Саркози президенттігі кезінде 2008 жылы шыққан кітап XXI ғасырдың талаптарына сай болды. Халықаралық қауіпсіздік үшін терроризм, кибершабуыл, климаттық өзгерістер секілді жаңа қауіптердің пайда болуы бұл өзгерістердің енгізілуін талап етті. Дәл сол кезде қаржы дағдарысы өзінің максимумына жетті, осылайша бюджетті қысқартумен байланысты өзгерістер де енгізілді: әскерилердің және әскери өнеркәсіптердегі азаматтарды 2014 жылға дейін 54 мыңға қысқарту көзделді.

2008 жылғы «Ақ кітапта» қорғаныс саясатының жаңа даму жолдары

айтылды: барлау және әскери техникаға инвестициялау, спутник технологияларына қаржыны екі есе көтеру, барлаушы серіктер мен радарлар; баллистикалық зымырандардың шабуылы туралы өзіндік анонс жүйесін қалыптастыру, әскери өнеркәсіпті модернизациялауға мүмкіндік беретін тікелей президентке қызмет ететін ұлттық барлау қызметінің координаторы лауазымын еңгізу.

Алайда кітаптың негізгі басымдығы Францияның НАТО интеграциялық жүйелеріне қайта енуі еді. Бұл француз тәуелсіздігі жайлы ең көп пікірталастарға әкелген мәселе еді. Француздар, әскерлері НАТО мен тығыз әрекеттесетін жағдайда, бүкіл Европалық контингент артық болып қалу мүмкіндігінен қорықты, өйткені Европалық Одақтың қорғаныс мәселесіндегі рөлінің артуы да басты пункт болып саналды. Әрине Франция қызығушылықтары мен халқының қауіпсіздігі, сөзсіз, қорғаныс саясаттың негізгі мақсаты болып қала берді [4].

Егер 1972 жылғы «Ақ кітап» негізі «тежеу», 1994 жылы «куштерді проециялау» болса, 2008 жылғы кітапта бұл «білім және болжау».

Соңғы «Ақ кітап» 2013 жылдың 29 сәуірінде жарық көрді. Ал оны дайындау Франсуа Олландтың билікке келу кезінен ақ басталды. Доктрина 2014-2025 жылдарға стратегияны белгілейді.

Кітаптың бұл үлгісінде алдыңғы шығарылымдағы негізгі тенденциялар сақталады. Алайда, қосымша қысқартылуға тағы 24 мың әскерилер ұшырайды,осылайша 2009 жылдан бастап қысқарған әскери күштер саны 79 мыңға теңеледі. Құрылық күштері 8-ден 7-ге дейін қысқарады, әскери-теңіз күштері екінші авианосец салудан мүлдем бас тартты, әскери ұшақтар саны 234-тен 225-ке қысқарады.

Жағдайды болжауды әлемдегі тұрақсыздық қиындатады, дегенменен, тек қана Францияның ғана емес, сонымен қатар бүкіл Европаның да саяси және қаржылай балансына зиян келтіре алатын басты қауіп ретінде экономикалық дағдарыс қарастырылады. Ерекше көңіл, экономикалық жағынан күшейіп бара жатқан Үндістан, Бразилия және Қытай сияқты дамушы елдерге аударылады.

Европаның дестабилизациясына тек қана экономикалық дағдарыс емес, сонымен қатар әлемнің басқа аймақтарындағы шиеленістер де ықпал ете алады. Мәселен: Жапон-корейлік келіспеушіліктер, ядролық қарудың жалпы таралу мәселесі, Ирандық мәселе, КХДР-ға байланысты жағдай, Ауғаныстан және соңғы кезде исламисттердің активизациялануына байланысты Сахель аймағындағы мәселелер [5].

Кітапта НАТО және Европалық Одақпен қарым-қатынастары және бюджеттің таралу мәселелері де туралы айтылады. Мысалы, Франция қарулы күштерге шығындарды жоғары деңгейде сақтайды, 2013 жылдың курсы бойынша 2014-2025 жылдары аралығында олар 364 миллиард еуро құрайды, соның ішіндегі 179 миллиард 2014-2019 шы жылдар арасында шығындалады. Қарулы күштердің өздері ұлттық қорғаныстың және Франция тәуелсіздігін сақтауға керек қажеттіліктеріне қарай құралады.

Әскери құрылыс төрт директивті принциптерге негізделген:

- Францияның стратегиялық тәуелсіздігін қолдау, ол өз бетінше операция-

ларды жүргізу мүмкіндігін сақтауды қажет етеді;

- Шиеленістер мен дағдарыстар кезінде қарулы күштердің оларды қолдану мүмкін сценарийлермен сай болуы, бітімгершілік операцияларын жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ету, түрлі жағдайдағы дағдарысты ретке келтірулердің мүмкіндігін қолдау.

- Дағдарысты ретке келтіру, бейбітшілікке күштеу, қорғаныс және тежеу мақсаттарына күштерді дифференциациялау. Бұл принцип әскердің тиімділігін жоғарылатып, уақыт үнемдейді, қымбат қосымша саймандарды қажет етпейді.

- Бірталай сұрақтарға байланысты (коммуникацияларды қорғау, тежеу, сырттан араласу) еуропалық серіктестермен күш жұмылдыру.

Доктринада көрсетілген сыртқы саясаттың приоритеттері:

- Мемлекетті және азаматтарын қорғау;

- Одақтастармен бірге Еуропа және Солтүстік Атлантиканың кепілді қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- Еуропаны және Еуропалық Одақты стабилизациялау.

- Таяу Шығыс және Парсы шығанағындағы шиеленістерді шешуге атсалысу;

- Бүкіл әлемде бейбітшілікті орнату.

Соңғы пункт Азия жаһандануда шешуші рөлге ие болғанына байланысты, алайда бұл аймақтағы кернеу әлі жоғары. Үнді мұхиты халықаралық сауданың транзиттік зонасы болып табылады, сол себепті Франция және Еуропа үшін бұл жердегі қауіпсіздік өте маңызды. Дәл осы себепке байланысты еуропалық масштабтағы алғашқы өткізілген операциялардың бірі Үнді мұхитындағы пираттылыққа қарсы бағытталды. Осылайша, азиаттық зонадағы тұрақтылық бүкіл Еуропа үшін дипломатиялық және экономикалық басымдық болып табылады.

Мемлекеттің ядролық ел ретіндегі әлеуеті бүгінгі қорғаныс саясатының ажырамас бөлігі. Ядролық стратегия 1960 шы жылдары қалыптасты. Ол Ш.де Голль қорғаныс саясатының іргетасын қалаған стратегия. Францияға қарағанда англия өз ядролық каруын АҚШ пен тығыз әріптестікте жасады, ол АҚШ ядролық құпияларына жақындалған әлемдегі жалғыз мемлекет еді. Франция болса, бұл мәселеде тәуелсіз шешімдер қабылдауға тырысты, сол себепті АҚШ қолдауын таппады [5].

1960 жылы Алжирдегі Реган полигонында алғашқы «Голубой тушканчик» атты сынақтың сәтті өткізілуі Францияның ядролық державалар қатарын толықтырғанын білдірді. Сынақтың сәтті өткізілуінен кейін де Голль атом бағдарламасының басшыларына «Бүгінгі күннен бастап Франция одан сайын мықты және одан әрі тәуелсіз елге айналды» деген сөздермен телеграмма жіберді. Сол жылы 1960-1982 жылдарға арналған төрт ядролық бағдарламаның жоспарын айқындады. 1964 жылы президент елді ядролық держава ретінде салтанатты түрде жариялады. 1968 жылы Франциялық Полинезияда президент қатысуымен сутегі бомабасының сынағы өткізілді. Басты ядролық стратегия ретінде «тежеу» стратегиясы таңдалды, ол яғни ядролық қару көмегімен соғыс жүргізуге емес, керісінше оны соғысты болдырмау үшін,қорғаныс кепілі ретінде пайдалану. «Тежеу» зонасы ретінде Францияның ұлттық территориясы

жарияланды,осы кезде,зерттеушілердің пайымдауынша «бейбітшілікті қаласаң-соғысқа дайындал» формуласы, «бейбітшілікті қаласаң-қауіп дайында»деп түрөзгетілді [6, 31 б.].

1970 жылы Ядролық қаруды таратпау туралы келісім күшке енген сәтте, Франция оған қосылмады, бірақ принциптері бойынша әрекет етті. Тек 1991 жылы қосылып, 1992 жылы ратификациялады. Батыстың үш жетекші мемлекеттер тізімінде Франция аутсайдер болып қалуы Ш. де Голльдің көңілінен шықпады. 1958 жылы британдық премьер министр Г.Макмиллан және АҚШ мемлекеттік хатшысы Дж.Ф.Даллеске де Голль алғашқы рет НАТО жүйесінің өзгертілуі туралы және франко американдық қарым қатынасты қайта қарау туралы ұсыныс айтты. НАТО жүйесінде де Голль Франция үшін Ұлыбритания сияқты «әлемдік жауапкершілігі бар» мемлекет рөлін қалады. Америка президенті меморандумға, іс жүзінде француз ұсынысын қолдамайтын, ұзақ жолдаумен жауап берді. Құпия хат алмасудан қанағаттандырарлық жауап таппаған де Голль НАТО қайта құру мәселесін көпшілік алдына шығарды . Осы шарамен қатар президент елдің НАТО құрамынан шығу процессін жүзеге асыра бастады [6, 32 б.].

1959 жылдан бастап НАТО-дағы мүшелік қайта қарала бастады: Жерорта теңіздік флот интеграцияланған қолбасшылықтан, ұлттық қолбасшылыққа өткізіледі. Дәл сол себепке байланысты Францияда американдық орта қашықтықтық зымырандарды орналастырудан бас тартты. 1959 жылдың 3-ші қарашасында Әскери мектепте сөз сөйлеген кезде «Францияның қорғанысы француздық болуы жөн» деп айтты [7]. 1960 жылы Франциялық ӘШҚ-ны НАТО қолбасшылығына өтуден бас тартты. 1962 жылы өткен президентті жалпыға бірдей тікелей сайлау арқылы сайлау мәселесі бойынша референдум кезінде голлисттер сайлаушылардың қолдауын тапты, ол Бесінші республиканың режимін күшейтіп жаңа батыл қадамдар жасауға ықпал етті.

1966 жылдың басында жағдай одан сайын күрделене түсті. Франция НАТО-ның көпшілік мүшелері қолдаған одан сайын интеграциялану эволюциясын қолдамады. 1966 жылдың 7-ші науырызында Франция АҚШ президенті Л.Джонсонға өзінің 1966 жылдың 1-ші маусымынан бастап біріккен күштер қатарынан шығатынын, ал 1967 жылдың 1-ші сәуіріне дейін шетелдік әскерлер француз территориясынан шығарылуы тиіс деп жариялады.

Сәуір басында Франциядан натолық және американдық штабтар, әскерлері мен базалары, қоймалар және тағы да әскери инфрақұрылым элементтері шығарылды. Франция өз территориясының үстінен өтетін ұшақтарды қадағалауды талап етті [6, 33 б.].

Голлизмнің атлантикалық позициясының мәні неде еді? Біріншіден, Францияны Америка гегемониясынан аулақтатып, өз еркінен тыс соғысқа тартылу жағдайын жоққа шығару үшін. Екіншіден, антиинтеграционизм барлық жалпы қаруландыруды және атом қаруын Франция үкіметінің қоластына шоғырландырып, өз саяси және әскери мақсаттарда пайдаланып, өздігінен басқаруға бағытталды.

Алайда 1966 жылдың 7-ші науырызындағы шешімді Францияның НАТО-мен барлық қарым қатынастардың үзілуі ретінде қарастыруға болмайды.

Франция блоктың саяси инстанцияларында , алдымен Атлантикалық кеңесте өз орыны сақтап қалды. Ол сонымен қатар НАТО ның бірталай инфра-құрылымдарына катысты, олар мәселен: электронды құрлықтық әуе шабуылына қарсы қорғаныс жүйесінде, қосалқы бөлшектермен қамтамасыз ету, техникалық жабдықтау және жалпы техниканы жөндеу агенттігінде, Әскери стандарттар бюросы. НАТО әскери одағынан шығып Франция ұйыммен екіжақты ынтымақтастық орнатты. Франция президенті АҚШ-тың Батыстағы қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлімен келісті. Еуропадағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін, НАТО бойынша одақтастарымен тығыз ынтымақ-тастықты жүзеге асыруды жалғастырды. АҚШ өз кезегінде Вьетнамдағы соғыс мәселелрімен алаңдауда болып, Францияның НАТО-дан шығуына наразы болса да ешқандай антифранцуздық әрекеттерге бармады. 1967 жылдың 27-ші тамызында франко-американдық келісім жасалды, ол Францияның одақтаста-рымен әскери ынтымақтастығының іргесіне айналды.

Парадоксалды болып көрінсе де, Францияның интеграциялық жүйеден шығуынан кейін бұл ынтымақтастық іс жүзінде одан әрі күшейді.

Сыртқы саяси бағыттағы эволюция, әскери доктринаның да жаңаруына әкелді [6, 34 б.].

1990-шы жылдардан басталған ядролық карудың қысқартылуы бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатыр. 1995 жылға қарай арсеналдар 15%-ға қысқартылды, 1995 қыркүйегінде премьер министр А.Жюппе ядролық стратегияны «минималды тежеу» принципіне негіздеу керектігі туралы идеясын айтты. 1996 жылы президент Ж.Ширак ядролық күштерді реформациялау бойынша бағдарламаның жүзеге асырылуы туралы мәлімдеді. Бағдарлама 2015 жылға дейін құрылып,мынандай негізгі элементтерден тұрды:
- Альбион платосына бағытталған баллистикалық зымырандарды ликвидация-лау, «Мираж IV» ядролық бомбамен каруландырған бамбардировщикті қаруландырудан алып тастау;

-ПЛАБР алты бірліктен төртке дейін төмендету. Ескі «Редуктабль» сүңгуір қайығын жаңа «Триумфант» классына ауыстыру;

-ASMP зымырандарымен қаруландырған «Мираж 2000 N» ұшақтар эскадрильяларын бірден үшке дейін арттыру;

-құрылыстағы атомды авиатасығыш «Шарль де Голль» үшін «Супер Этандарт» екі ұшақтар тобын сақтау;

-2010 жылға дейін М-45 зымырандарын 51-М алыстығы 6000 км. Зымырандарға ауыстыру

- 2005 жылдан кейін «Супер Этандар» ВМФ және «Мираж 2000 N» ВВС ұшақтарын біртіндеп ASMP-A2 модернизацияланған зымырандарды тасуға қабілеті бар «Рафаль» ұшақтарына ауыстыру.

Кейін Франция әлемде сыни көзқарастар туғызған ядролық сынақтардың тоқталуы және ыдырағыш материалдарды жасауды тоқтату туралы жариялады.

Осылайша ел ядролық триаданың құрылықтық компонентінен мүлдем бас тартты. Стратегиялық ядролық күштердің теңіздік компонентін (баллистикалық зымырандар ПЛАРБ) және стратегиялыққа дейінгі екі күш ӘТФ (ВМФ) палубалық авиациясы, бір типті ASMP зымырандарымен қаруландырған ӘӘК

(ВВС) күштерін дамыту көзделді. Бұл ядролық қару жинағы «тежеуді» керек деңгейде сақтау және стратегиялық шешімдер жасауда Франция автономиясын қамтамасыз етуге жеткілікті деп саналды. Сонымен қатар жоспарда жаңа ядролық зымырандарды жасау көзделмей, бар арсеналды модернизациялау ғана айтылды. Бұл жерде қаржыны үнемдеу де өз рөлін атқарды, өйткені 1994 жылғы «Ақ кітапта» ядролық күштерді дамытудың тоқтатылуы әдеттегі қару жарақтарды дамытуға көбірек қаржы бөлінуі айтылды [8]. Бұл қаражат 1996 жылғы ірі әскери реформаларды жүзеге асыру үшін керек еді. 1990 жылдарға қарай ядролық арсенал қысқартылуы жүзеге асты.

Францияның НАТО ұйымымен қазіргі қарым қатынасы мәселесіне қайта оралсақ. Президенттік сайлауда жеңіске келген Николя Саркози франко-американдық екіжақты қарым-қатынасты және НАТО шеңберіндегі ынтымақтастықты жақсартуды Франция сыртқы саясатының басты мақсаттарының бірі ретінде көрсетті. 2007 жылы президент АҚШ пен қарым қатынастарды жақсартуға тырыса бастады. Ол өзінің сайлау кампаниясында өзінің атлантикалық бағдары туралы айтты. Атлантисттердің позициясы логикалық аргументті еді. Біріншіден НАТО әскери ұйымына қайта оралу тек қана формальді шара ретінде қарастырылды, өйткені ол елдің альянстағы бүкіл масштабты де факто қызметін өзгертпеді. Шынымен де солтүстік атлантикалық блоктің 40 комитеттерінің 38-не қатысатын. Ұйымның ең ірі әрі белсенді мүшесінің бірі: 2007 жылы Францияның НАТО бюджетіне қаржылай жарнасы 170 млн. евро болды (4-ші орын), әскери операцияларында 4650 адам қатысады,ол әскердің 7%. Соңғы он жылдағы ең ірі операцияларға қатысты: Боснияда, Косовода, Ауғаныстанда.

Екіншіден атлантисттер «қырғи қабақ соғысынан» кейін альянстың табиғаты өзгерді, «блоктік ойлау» жоқ, Варшава пактінің бұрынғы мүшелері альянстың оларды терроризм мен жаппай қырып жою қаруының таралуы сияқты жаңа қауіптерден қорғай алатынын түсініп құрамына енді.

Үшінші аргумент НАТО-ға кіру Францияға шешімдердің жүзеге асырылуына ғана қосылмай, оларды құрастырып оларды қабылдауға мүмкіндік туғызады.

Төртіншіден НАТО-ға қайта кіру альянсты еуропалау ниеті. Тәуелсіз «еуропалық қорғанысты» қалыптастыру де Голль кезінен келе жатқан арман еді, бірақ әлі жүзеге аспады. Саркози НАТО-мен еуропалық қорғанысты қатар қойды, Еуропа үшін екеуі де маңызды деп шешті.

Бесінші және соңғы аргумент: ұйымға реинтеграция елдің өз қарулы күштерін қолдануда және әскери саяси шешімдерді қабылдау тәуелсіздігіне нұқсан келтірмейді. Ядролық күштерге келсек, олар тек мемлекет қолында қалады деп айтылды. НАТО-дағы шешімдер консенсус арқылы қабылданады, ешкім ешкімді өз қаруын ерікінен тыс қолдануға мәжбүрлей алмайды. Сонымен қатар Саркози апоненттерінің 2003 жылы Франция НАТО құрамында болған жағдайда, Ирактағы соғысқа қатысуға мәжбүр болатын еді деген сөздерін теріске шығарды, оған дәлел ретінде Германияны келтірді: бұл ел толықтай альянс мүшесі болса да ол кездегі АҚШ әрекеттерін айыптады [9].

2009 жылдың 3-4 сәуірінде өткен НАТО-ның алпысыншы мерейтойлық саммитінде Франция өзінің ұйымның қатарына қайта оралуы туралы ресми түрде жариялады.

АҚШ өз тарапынан Францияны құшақ жая қарсы алды, ендігі уақытта Францияның автономды еуропалық қорғанысты қалыптастыруға ұмтылысы қолданды.

Қайта интеграцияланудан кейін Саркози, Франция НАТО-дағы басты рөлдердің біріне иеленеді деп ойлады. Алайда іс жүзінде ол наразылығын туғызған, АҚШ-тың «ядролық қарусыз әлем» стратегиясына, НАТО шеңберіндегі ЕвроПРО жүйесін орналастыру жобаларына әсер ете алмады. Сонымен қатар Еуропа АҚШ үшін екінші планға кеткенін айту керек, алдыңғы қатардағы қызығушылық тудыратын аймақ Азия Тынық мұхиттық аймағы. Осылайша Саркозидің Вашингтон үшін привилегиялы сұхбаттасқа айналуға сенімі ақталмады, себебі іс жүзінде Франция АҚШ үшін тек Еуропадағы бір мемлекет ретінде қарастырылды.

Францияның қазіргі президенті Франсуа Олланд, президенттігінің басында Америка басшылығын Ауғаныстаннан әскерлерін шығару туралы мәлімдememен алаңдатты. Бұл туралы мәлімет оның сайлау кампаниясында болған, алайда ешкім ондай тез шешімдердің шығарылуын күтбеді.

Олландтың әскерін Ауғаныстаннан алдын ала шығаруы, басқа мемлекеттер үшін де мысал бола алатын еді, сәйкесінше басқа мемлекеттердің де әскерлерін шығаруына себеп бола алатын еді. Осылайша Чикагодағы НАТО саммитінің басты мәселесі ретінде Ауған мәселесі талқыланды. НАТО әскерлері Ауғаныстаннан 2014 жылдың соңына дейін шығарылады деп шешілді. Саммит барысында мүше мемлекеттерінің ауызбірлігі байқалады деп ұйғарылды, дегенменен Ауған мәселесі бойынша ешқандай ірі шешімдер қабылданған жоқ.

Америка басшысы Франсуа Олландтың «атлантикалық ынтымақтастыққа» қатер туғызуына алаңдады, алайда ортақ шешім табылды: Франция әскерлерін біртіндеп шығаруына келісті, 2012 жылы тек арнайы әскери күштер шығарылып, қалғандары 2014 жылдың аяғына қарай Ауған территориясында қалады. Олланд,сонымен қатар, Франция және НАТО арасындағы ынтымақтастықты тек қана әскери салада ғана емес, білім беру, қауіпсіздік және денсаулық сақтау салаларында да дами алады [10].

## Литература


1. Логунов А.Б. Региональная и национальная безопасность: Учебное пособие.- М.: Вузовский учебник, 2009, 432 с.
2. Défence et sécurité: les quatre Livres blanc(1972-2013)//http://archive.today/GVVX0
3. Военная реформа во Франции// «Отечественные записки» №8, 2002.// http://magazines.russ.ru/oz/2002/8/2002_08_38.html
4. Le livre blanc sur la défence de 2008.// http://www.diplomatie.gouv.fr/fr/IMG/pdf/0000.pdf
5. Le livre blanc sur la défence de 2013.//http://www.elysee.fr/assets/pdf/Livre-

blanc-sur-la-Defense-et-la-Securite-nationale.pdf 5
6. Шадурский В.Г. Внешняя политика Франции (1945-2002): Учеб.пособие/ В.Г.Шадурский.-Мн.:БГУ.2004.-175 с.
7. Речь де Голля в военной школе 3 ноября 1958 г. Charles de Gaulle Allocution à l'École militaire, 3 novembre 1959 http://mjp.univ-perp.fr/textes/degaulle03111959.htm
8. Le livre blanc sur la défence de 1994.// http://www.livreblancdefenseetsecurite.gouv.fr/pdf/le-livre-blanc-sur-la-defense-1994.pdf
9. Федоров С.М. Возвращение Франции в НАТО: дебаты и последствия.//http://www.perspektivy.info/rus/desk/vozvrashhenije_francii_v_nato_debaty_i_posledstvija_2009-04-25.htm
10. Зверева Т.В. Итоги президентских выборов и внешняя политика Франции // https://interaffairs.ru/author.php?n=arpg&pg=660#

**Kilybayeva B.K.**
**c.h.s, docent**
**Bauyrzhankyzy A.**
**2nd year Master student**

## On the subject of "Currents and theories of Social Sciences" Book review Sociological Theory: Uses and Unities

According to the title, Sociological Theory: Uses and Unities attempts to make both theoretical and empirical contributions to open up new visions on the meaning of Sociological Theory. Stephen Mennell's ambition, it seems, is to highlight and correct the main focus of sociology. To accomplish this task he draws on a range of concepts focusing on an analysis of sociological theories. He starts with an introduction, where he describes the real business of sociology and the role of theories within it. The book is divided into six main sections covering structure and theories with an introduction outlining the book, a first chapter discussing the question of Action (further: Knowledge, Interaction, Power, Social Integration, System Integration) and a conclusion integrating discussions of these six main themes.

In the introduction the author situate his examination within the conceptual framework of sociological theory and the discipline of sociology. He starts with the statement that "sociological theory" is not a theory. At least, it should not be imagined that the body of ideas to which that label is usually attached is the only part of sociological knowledge which can be dignified as "theory". (p.1) Mennell recognizes that theories can explain only part of a whole, because "reality is so immense and complex that no theory, however well authenticated, ever represents more than a drop in the ocean" (p.1). By saying that Mennell describes his position in this book as a methodological individualism. With regard to the discipline the author gives a nice overview of the theories. He explains it as following: "sociological theory...certainly

**Даркенов Қ.Ғ**
**Әлемдік саясат пен экономикадағы АҚШ пен Қытай арасындағы бәсекелестік** ....... 144
**Сергазин Е.Ф.**
**Региональный фактор в эпоху глобализации** ....... 150
**Лаура Тәңірбергенқызы Исова**
**Жаңа саяси жүйесінің қалыптасуы жылдарындағы Түркияның сыртқы саясаты (XX ғасырдың 20-30 жж)** ....... 158
**Нурсултанова Л.Н.**
**Международный опыт инновационного развития образования и науки** ....... 162
**Исова Л.Т, Дүйсембиева Ә.М.**
**Еуропалық Одақтың қорғаныс саясаты: әскери стратегиясындағы басымдылықтар және қайшылықтар** ....... 167
**Уайсова Ш.Н.**
**Инновационное и научно-техническое развитие Китая** ....... 173
**Бейсебаев Р.С.**
**Топливно-нефтяной комплекс СССР в годы Великой отечественной войны** ....... 177
**Bauyrzhankyzy A.**
**Values** ....... 183
**Шадаева Шолпан. А., Маликова А. Н.**
**Германия және Еуроодақ** ....... 188
**Кузьменко Инна Олеговна,** 193
**Исова Л.Т., Каримова А.Б.**
**Францияның сыртқы саясатындағы қауіпсіздіктің жалпы ұстанымдары. Ядролық мемлекет ретіндегі әлеуеті** ....... 206
**Kilybayeva B.K., Bauyrzhankyzy A.**
**On the subject of "Currents and theories of Social Sciences" Book review Sociological Theory: Uses and Unities** ....... 214
**Бөкешова Г.Қ.,Сейдахметова А.Е.**
**Франция - Еуропалық интеграцияқ үрдістердің қайнар көзі ретінде** ....... 219
**Abilova Zhanna Nurtayevna**
**New trends of China's external economy: direction to Kazakhstan** ....... 224
**Қожабек Назира Нурланқызы**
**Қытайдың Африкадағы сыртқы саясаты** ....... 229
**Жолбарысова А.Ж.**
**Әлемнің даму үрдісіндегі ядролық қауіп** ....... 237
**Серікова Д.**
**БРИКС: интеграциялық үрдісте инновация мен мүдделер тоғысуы** ....... 247
**Исова Л.Т., Ракулова А.Ж.**
**Әлемдік саясаттағы күштер ара салмағының жіктелуіндегі лоббизмнің белең алуы мен мемлекеттердің лоббисттік**

**әрекеттерді реттеуі................................................................................ 253**
**Қилыбаева Б. Қ., Нұрмахан А.Ш.**
**Жаһандану кезеңіндегі НАТО ұстанымдарындағы**
**жаңа геосаяси бағыт-бағдар........................................................................ 259**
**Жолбарысова А.Ж. .................................................................................... 270**
**Ысқақов С.С.**
**Мұнай шикізаты ресурсын барлау, игеру**
**және тасымалдау қауіпсіздігінің кешенді мәселелері........................... 276**
**Қалаш С.**
**Корей Халық Демократиялық Республикасы ядролық**
**бағдарламасының пайда болуы.................................................................. 284**
**Қуралова А.Д.**
**Әлемдік саясаттағы мұсылман елдерінің салмағының артуы мен**
**орны. Ислам елдеріне қатысты көзқарас................................................... 291**
**Даркенов Қ.Ғ., Қожабек Н**
**ҚХР-дың экономикасын реформалаудың концептуалды негіздері.... 299**
**Бөкешова Г.Қ., Шадаева Ш.А.**
**Корей халқы салт-дәстүріндегі ерекшеліктер.......................................... 308**
**Таргынова Меруерт**
**США и Китай: общие интересы и разногласия.......................................... 313**
**Бауыржанқызы Айқыз**
**Жапонияның Орталық Азия дипломатиясы:**
**“жұмсақ күш” саясаты негіздері................................................................ 320**
**Сағынғали Бекзат**
**АҚШ миграциялық саясатын жүзеге асырудың**
**стратегиясы мен тактикасы........................................................................ 325**
**Айдарханова М.Т.**
**Қытайдың Орталық Азия елдерімен саяси**
**қарым-қатынасы: қалыптасуының ерекшеліктері,**
**проблемалары және факторлары............................................................... 333**
**Гадельшиев А. Г.**
**«Центральная Азия как сфера интересов Китая**
**в области энергетической безопасности».................................................. 339**

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Аймақтану * Регионоведение * Regional studies *

# Әлемдік даму үрдісіндегі аймақтандырудың өзекті мәселелері
# Актуальные проблемы регионализации в контексте мирового развития
# Relevant problems of regionalization in the context of world development

Астана 2014

**ӘОЖ 93/94**
**ББК63.3**
**Ж 35**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, халықаралық қатынастар факультеті Кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды.

**Пікір білдірушілер:**

**Сайлауқызы Саулекүл**-тарих ғылымдарының кандидаты,Қазақстан Республикасы Президетінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясының, Дипломатия институтының директоры

**Ахметов Кадыр Алимжанұлы**-тарих ғылымдарының докторы, Еуразиялық Гуманитарлық институтының профессоры.

**Жаһандану заманындағы аймақтану мәселері**. 2014 жылғы ғылыми мақалалар жинағының кезекті басылымы/ П.Қ. Қилыбаева - т.ғ.к., доцент, А.Н. Оспанова доктор PhD, доцент. – Астана: ЖШС Мастер ПО, 2014 – 352 б

**ISBN 978-601-301-181-3**

Жинақта қазіргі әлемдегі аймақтардың даму үрдісі, аймақтық зерттеулердің әдісі мен методологиясы аймақтық дамудың өзекті мәселелері жан-жақты қарастырылған. Жинақта Орталық Азияның даму үрдісіне және оның әлемдік ірі державалармен байланысына айырықша назар аударылған. Кең мазмұндық, анықтамалық зерттеулер аймақтық проблемаларды зерттеумен айналысатын студенттер, магистранттар, докторанттарға арналған.

**ӘОЖ 93/94**
**ББК63.3**

**ISBN 978-601-301-181-3**

**© Еуразия Ұлттық Университеті , 2014**

**Исова Л.Т.**
**т.ғ.к., аймақтану кафедрасының доценті**
**Ракулова А.Ж.**
**«аймақтану» мамандығының 4-курс студенті**

## Әлемдік саясаттағы күштер ара салмағының жіктелуіндегі лоббизмнің белең алуы мен мемлекеттердің лоббисттік әрекеттерді реттеуі

400 жылдан астам тарихы бар лоббизм ұғымы қазіргі таңда әлемдік маңызы бар құбылысқа айналды. Мемлекеттің қоғамдық және саяси өміріне тікелей немесе жанама әсер ететін лоббисттік әрекет орнамаған мемлекет бүгінгі күні жоқтың қасы. Әр жеке мемлекетте лоббизм өзінің тарихы мен ерекшеліктеріне ие және әр ел лоббизм ұғымына сан түрлі өзіндік анықтамалар мен атаулар береді.Мысалы, АҚШ, Канада, Аустралияда лоббизм ұғымы қолданылса, Европалық мемлекеттерде бұл атау жағымсыз саналып, құбылысты қолданылатын саласына қарай Governmental Relations, Public Affairs деп атайды. Лоббизмнің басты мәселесі атауында емес. Шешілуге тиісті сұрақтар саны лоббизмнің белең алуымен қатар өсуде. Мысалы, лоббистердің санының тым көп болуы, әр түрлі қызығушылық топтар арасындағы теңсіздікті тудырып, лоббисттік әрекет етудің амалдары қарастырылуды қажет етеді. Әсіресе, мемлекеттерде орнаған лоббизмді басқару модельдерінің тиімділігіне ерекше көңіл аударған жөн. Аустралия, Канада, АҚШ және ЕО лоббиді тікелей қадағалауды жөн санайды, жанама немесе жазылмаған ережелер Скандинавия елдерінде жиі кездеседі. Ал Германия, Израиль, Жапония мен Ұлыбританияда мемлекет заң шығарушылар мен лоббисттер арасындағы қарым-қатынастарды реттеген дұрыс деп санайды. АҚШ-тан басқа батыс мемлекеттердің барлығында лоббизмді реттеу өткен ғасырдың жартысында орын алды. Кейбірі өткен онжылдықтарда, ал басқалары екі-үш жыл аралығында пайда болса, соңғылары әлі қарыстырылу үрдісінде. Осыған қарамастан, лоббизмнің халықаралық қатынастарда белең алып, әр маңызды оқиғалардың, келісімдердің, заңдардың пайда болуында лоббисттердің қосқан үлестері бар екені анық.

АҚШ-пен қатар лоббисттердің тіркелуін қажет ететін мемлекеттердің бірі- Канада. Канададағы лоббизмді реттеудің тәсілдері американдық нұсқасына ұқсағанымен бірқатар ерекшеліктер бар. Мемлекеттің лоббизмді реттеуші басты құжаты 1988 жылы қабылданған «Лоббисттерді тіркеу туралы заң» болып табылады [1, 147 б.]. Аталған заңда канадалықтар американдықтар секілді лоббист ұғымын анықтамай, керісінше лоббист атын кім иелене алмайтынын және лоббизм деп саналмайтын құбылыстар туралы анықтап жазады.Сонымен қатар, заңдардың бұзылған жағдайында қолданылатын жазалар аса тиянақты сипатталған. Мысалға,әр жеке тұлға заңды орындамаған жағдайда 25 мыңнан 100 мың доллар көлемінде айыппұл төлеп, алты айдан екі жылға дейін бостандығынан айырылуы мүмкін [2].

Аталған заңға сәйкес Канадада лоббисттер үш түрлі категорияларға бөлінеді:консультант лоббисттер, корпоративтік лоббисттер және ұйымдардың лоббисттері [3].

Консультант лоббисттер ақшалай сыйақы үшін кез келген ұйым немесе жеке тұлғаның қызығушылықтарына сәйкес билік өкіліне өтініш білдіреді және олардың билік өкілімен кездесуін ұйымдастырады. Он күн ішінде лоббист міндетті түрде өзінің атқарған жұмысы мен талқыланған мәселе туралы мәліметтерді сәйкес органға жіберуі тиіс. Корпоративтік лоббисттерді ұйымдар немесе жеке тұлғалар билік өкілдерімен қарым-қатынас орнату үшін жалдайды. Олар жұмысының 20%-нан астам бөлігін билік өкілімен жалдаушының қызығушылықтарын талдаумен өткізеді және қажетті мәліметтерді лоббисттер екі ай ішінде жіберулері тиіс. Ұйымдардың лоббисттері белгілі ұйымдардың тұрақты жұмысшылары болып табылады және билік өкілімен ұйымның қызығушылықтарын көрсету мақсатымен қарым-қатынас орнатады. Тіркеуді жұмыс беруші ұйымның өзі жүргізеді. Жалпы тіркеуді жүзеге асыратын орган «Канаданың орталық тіркеу бюросы» (Registrar General of Canada) атына ие. Ол жылдың соңында қорытынды баяндама дайындайды. Заңның толықтай дұрыс орындалуын арнайы тағайындалған этика бойынша кеңесші (Ethics Counsellor) қадағалайды және ол «Лоббисттердің кодексін» дайындауды басқарады. Егер лоббист ережелерді бұзса, арнайы зерттеу жүргізіліп, парламент палаталары өз шешімдерін шығарады.

Қазіргі таңда лоббизмнің ең кең таралған аймақтарының бірі Еуропалық Одақ болып табылады. Еуропалық Одақ жиырма сегіз мемлекеттердің басын қосатын әлемде теңдесі жоқ, аса жоғары интеграцияланған ұйым болғандықтан, оның институттарында күнделікті мүше мемлекеттердің тағдырына тікелей ықпал ететін маңызды мәселелер шешіліп жатады. Сондықтан әр мемлекет өзінің қызығушылықтарын алдыға жылжыту мақсатымен қуатты лоббиді қолдануға тырысады. Нәтижесінде, Страсбург және Брюссель лоббисттердің ең сүйікті мекендеріне айналды. Әсіресе, Брюссельдің алатын орыны ерекше. «Мамандардың айтуы бойынша, Брюссель-әлемдегі ең ірі лоббизм орталығы. Қалада жұмыс атқаратын 32 мың билік өкілдеріне 15 мың кәсіби лоббисттер келеді». Франк Ж.Фарнель жазып кеткендей, Брюссель Конгрессі жоқ Вашингтон секілді [4, 35 б.]. Тіпті АҚШ лоббизм ұғымы ең дамыған және реттелген мемлекет болғанымен, Брюссель лоббисттерінің саны Вашингтон лоббисттерінің санынан артық деген пікір бар.Сонымен қатар, Еуропада ресми түрде кәсіби лоббисттерді дайындаудың Еуропалық орталығы жұмыс атқарады.

ЕО органдарындағы лоббисттердің әрекеттерін ресми деңгейде реттейтін заңдарды қабылдау қажеттілігі туралы 90-жылдардан бастап айтылып, тіпті 1994 жылы лоббисттердің кодексін қабылдау жайлы ұсыныстар туындағанымен, әлі де нақты құжаттарға қол қойылған жоқ. Лоббизмнің Еуропалық Одақтағы жоғары дәрежесіне қарамастан арнайы протокол, талаптар, кодекс немесе ережелер мүлде қарастырылмаған. Бірақ арнайы әрекет ету кодексі ресми қабылданбағанымен, «Еуропарламент лоббисттерінің кодексі ретінде Брюссельде 1996 жылы қабылданған халықпен жұмыс жасау консультанттарының (public affairs consultancies) өзін-өзі қадағалау схемасы саналады». ЕО

институтционалды жүйесінде кеңес беруші және консультативтік институттар мен механизмдар кең таралған. Әсіресе, билік өкілдерімен тығыз қарым-қатынастар орнатып, әр түрлі жобаларды дайындау барысында шақырылатын эксперттер одақтары жиі кездеседі. Еурокомиссия жанында барлығы 80 000 мың адам жұмыс атқаратын әр түрлі мамандар иесін біріктіретін 1800 эксперттік одақтар бар. Аталған эксперттік одақтардың, лоббисттердің саны күнделікті артуына байланысты ЕО белгілі реттеу шараларын қабылдауы қажет екені анық. Еурокомиссия мүшесі Сим Калласстың пікірінше бірінші кезекте кімнің кіммен қарым-қатынаста екені, кімнің қызығушылықтарын білдіретіні және кімнен ақша алатыны белгілі болуы тиіс. Сол себептен, лоббизмді реттеудің жолдарын қарастыру ЕО-да барынша қарқынды жүруде. Оның дәлелі ретінде 1992 жылы жарық көрген Еурокоммиссия Хатшылығының құжатын атап кетуге болады:

«Комиссия әрқашан сыртқы әсер етушілерге ашық институт болды. Коммиссия өзінің саясатын жүргізу үшін бұл үрдіс аса маңызды. Коммиссия үшін де, сыртқы қызығушылық топтары үшін де диалогтың маңыздылығы сөзсіз. Комиссияның өкілдері сыртқы ықпалға қажеттілікті мойындап, оны жүргізуге шақырады»[5, 4 б.].

ЕО көлемінде лоббизмді реттеу мәселесі өз мәресіне жетпегенімен, әр жеке еуропалық мемлекетте өзінің тарихына, мәдениетіне және қалыптасқан саяси жүйесіне байланысты лоббизмге деген көзқарас пен реттеу амалдары дүниеге келді. Мысал ретінде Еуропаның ең дамыған мемлекеттерінің бірі Германияны қарастыруға болады. Неміс лоббизмі мемлекетті басқару үрдісінің айырылмас бөлігі. Барлық маңызды шешімдер қабылданатын Берлин қаласында 5000 лоббисттер жұмыс атқарады. Германияда лоббизмді реттеуге арналған арнайы заңдар немесе институттар болмағанымен, ресми құжаттардың және ерікті тіркеудің көмегімен лоббисттік ұйымдар және билік өкілдері қатар тиімді түрде жұмыс атқаруда. Бундестаг мүшесінің әрекет ету кодексі мен Бундестаг жанындағы ұйымдарды және олардың мүшелерін тіркеу туралы қарарға сәйкес депутаттардың қаржылай сыйақы үшін парламентте ұсынылған заң жобаларымен айналысу құқығы бар.Тек депуттатар өздерінің белгілі қызығушылықтарды қорғайтыны жайлы алдын ала хабарлаулары тиіс. Сонымен қатар, парламент комитеттері қызығушылық топтары мен эксперттердің пікірін білу үшін арнайы жиналыстар өткізулеріне болады. Германияның лоббисттік ұйымдары институтциаланған және ресми тіркелген кәсіби эксперттік одақтар болып табылады. Олардың саны 1998 жылдың 31 наурызында ашық тіркеу реестрына сәйкес 1670 болған. Лоббисттік одақтардың ашық түрде әрекет етуіне барлық мүмкіндіктер жасалғанымен, жеке аса ауқатты топтар ресми емес түрде министрліктерде, ведомстваларда жұмыс атқаратын лоббисттерді жалдауды жөн көреді. Осыған қоса, көптеген жоғары лауазымды шенеуніктер мемлекеттік қызметтен кейін коммерциалық қызметке көшіп, жеке қызығушылық топтарының, компаниялардың өкілдеріне айналады. Мысалға, әлемге аты әйгілі бұрынғы неміс канцлері Гельмут Коль BASF тобымен қарым қатынаста болған, ал тағы да бір неміс экс канцлері Шредер «Газпром» үшін, бұрынғы СІМ басшысы Йошка Фишер BMW

компаниясы үшін жұмыс атқарады. Сонымен қатар, неміс лоббисттері тек Германия территориясымен шектелмей басқа мемлекеттердің сыртқы және ішкі саясатына айтарлықтай ықпал етеді. Мысалы, АҚШ-тың президенттік сайлауларына тек қана журналисттер мен саясаткерлер ғана емес , неміс концерндері да аса үлкен қызығушылық білдіреді. Transparency International ұйымының санағына сәйкес 2008 жылдың қаңтар айының ортасына қарай неміс бизнесі АҚШ президенттік сайлау кампанияларына 800 000 доллар ақша бөлген. WAZ үнқағазының мәліметтері бойынша президенттіке кандидаттардың демеушілерінің арасында BASF, Siemens, Deutsche Post, Deutsche Telekom, Merck, Infineon, Allianz, Deutsche Bank компаниялары бар. Солардың бірі Deutsche Telekom Барак Обаманың сайлаудағы қарсыласы болған Джон Маккейнға қолдау көрсетті [6]. Берілген мысалдардан лоббизмнің тек бір мемлекетпен шектелмей әлемдегі күштер ара салмағына әсер ете алатынын байқауға болады.

Ұлыбритания үшін лоббизмді реттеудің бұл әдісі өте тиімді екені анық, әсіресе, кәсіби лоббисттік қызмет нарығының жылдық көлемі 500 млн.фунт стерлинг екенін және британдық лоббисттік ұйымдарды шет елдік қызығушылық топтардың жалдайтынын ескеретін болсақ. Мысалы, ең ірі британдық «Чайм коммьюникейшенз» лоббисттік ұйымының қызметтерімен тек Маргарет Тэтчер ғана емес, сонымен қатар шетелдік лоббисттер - ОАР бұрынғы билігі мен Бруней сұлтаны қолданған. Bloomberg агентігінің хабарлауы бойынша тіпті тек қаржы индустриясы 2011 жылы үкіметте өз қызығушылықтарын лоббизм арқылы жүргізу үшін 92,8 млн фунт стерлинг ($144 млн) жұмсаған болатын. Ұлыбританияның журналисттік зерттеулері бюросының мәліметтері бойынша қаржы компанияларының қызығушылықтарының лоббиімен айналысатын 800 қызметкері бар 129 ұйым бар. Олармен британдық лордтар палатасының 120 мүшесі қарым-қатынаста тұрады [7].Сонымен қатар, The telegraph хабарлағандай Ұлыбритания Ирландиядан кейін ең алғашқы болып арнайы лоббизм өкілдері мен саяси белсенділерге арналған британдық Jolitics атты әлеуметтік желіні іске қосты. Jolitics лоббисттерге парламентке өздерінің заң жобаларын ұсынуға мүмкіндік береді. Дәл осындай әлеуметтік желі Financial Times хабарлауы бойынша АҚШ-та да пайда болуы мүмкін. Жоғарыда аталған Ұлыбританиядағы лоббизмнің белең алуының мысалдарына қарамастан, мемлекетте лоббизмге қатысты жағымсыз оқиғалар да орын алуда.Мысалы, парламент мүшесі Джек Дромей £30 000 көлемінде ақшаны тіркемегендіктен үлкен шу шықса, бұрынғы қорғаныс хатшысы Лиам Фокс қызметінен кетуге мәжбүр болды. 2010 жылы Дэвид Камерон лоббизмге байланысты қауіпсіздіктің жоқтығынан «бізді келесі аты шулы оқиға күтіп тұр» деп пікір білдірді. Сол себептен, Ұлыбританияда лоббисттердің тіркеуден өтуі жақын арада міндетті болмақ.Тіркеуден өтпеген лоббисттер бостандығынан екі жылға айырылып, £5,000 көлемінде айыппұл төлеуге мәжбүр болады.

Лоббизм француз мемлекетінің дәстүрлі бөлігі ретінде ешқашан саналмаған, керсінше 1791 жылы Ле Шапелье Конституция үшін тым қауіпті деп саналған қысым топтарының барлығына тыйым салған сәттен бастап

Францияда лоббизм заңға қайшы құбылыс ретінде қалыптасты. Ұзақ уақыт бойы лоббизм ресми мойындалмағанымен, лоббизм қазіргі таңда француз парламентіне айтарлықтай үлкен әсер етуде. Парламенттің екі палатасында да саны 170-тен асатын белгілі бір идеяны немесе мәселені зерттеп, заң жобасы ретінде ұсынатын одақтастықтар мен зерттеу топтары кең жайылған.

Франция лоббизмінің ең басты ерекшелігі «лоббисттік парламент» рөлін атқаратын арнайы институттың болуында. 1958 жылы жарық көрген Конститутцияға сәйкес мемлекетте Әлеуметтік экономикалық кеңес құрылды. Оның басты міндетті кәсіби топтардың өкілдерінің басын қосып, Үкіметке экономикалық және әлеуметтік заң жобалары бойынша шешімдерін хабарлап отырады. Дәл осындай орган Австрия мен Голландияда бар.

Ресми түрде Францияда шет елдік лоббизм болмағанымен, шет мемлекеттердің қысым топтарының қызметін Халықтық жиналыста «достық топтары» (франко- израильдік, франко –вьетнамдық) атқарады. Әсіресе, соңғы 10-15 жылда жергілікті этникалық қытайлар (хуацяо) өзінің отанына Франциямен ғылыми техникалық, бизнес саласында қарым-қатынас орнатуы үшін үлкен белсенділік танытты. Мысалы, Парижде арнайы заңды түрде қызмет атқаратын «Қытай орталығы» бар. Аталған орталық Бейжіңнен қаржы алып, осы бағыттағы жұмыстардың барлығын атқарады.

Батыс мемлекеттерінің лоббизмді реттеу әдістері бір-бірінен өзгеше болғанымен, жалпы олардың лоббизмінде ұқсастықтар өте көп .Оған себеп- Еуропаның ортақ тарихы, мәдениеті мен ғасырларға созылған тығыз қарым-қатынасы. Еуропалықтар керек сәтте өте тез шешім қабылдап, жылдам әрекет жасауға бейімделген. Ал Еуропадан мүлде бөлек Шығыс мемлекеттерінде лоббизмның алатын орны мен амалдары өзгеше. Мысалы, Жапонияда қысым топтары парламентке емес, министрліктер мен орталық ведомстволарға, бірінші кезекте қаржы, сыртқы сауда министрліктерне ықпал көрсетеді. Бұл құбылыс Жапонияның тарихи дамуына тікелей байланысты: парламентаризмнің мемлекеттегі қысқа тарихы мен XIX ғасырдың соңына дейін сайланбалы органдардың болмауы өз әсерін қалдырды. Лоббисттік Кэйданрэнның орталық аппараты 30 тұрақты және уақытша комитеттерден тұрады. Олар басым түрде зерттеулермен айналысып, үкіметпен өте тығыз қарым-қатынаста жұмыс атқарады [8]. Сонымен қатар, Жапонияда халықтың ұлттық санасының ерекшеліктерінің себебінен айтарлықтай түсініспеушіліктер пайда болуы мүмкін. Жапондықтарда сыйлық беру сыпайлықтың, құрметтің белгісі болса, Батыста сыйлықтар пара ретінде қабылдануы мүмкін. Жапондықтар лоббизмді жүргізу барысында асығыстық танытпайды, өте байсалды, баяу түрде ұзақ уақытқа бағытталған саясат жүргізеді.

АҚШ-тың халықаралық саясатының империялық сипаты жөніндегі, жаңа түрдегі империяның қалыптасуының келешегі мен американцентристік әлемдік тәртіптің құрылуы туралы пікірталастардың ұшығуы осы алып мемлекеттің тағдырының талқылануын жаңа белеске орнықтырған болатын. Пікірталастың объектісі әлемдік үдерістердегі американдық қатысуды сипаттайтын гегемония элементтері мен Вашингтонның сыртқы саяси стратегиясындағы көшбасшылық идеясы, ең бастысы Құрама Штаттардың шынайы халықаралық

статусы жөніндегі мәселелер болып отыр. 1996 ж. өзінде британ ғалымдары К.Дарк, Р.Хэрристер биполярлықтың құлауынан кейінгі АҚШ-тың басты мәселесі әлемдегі жағдайды бақылауының жеке елдерге және тұтас әлемге ұлғаю көлемі болатындығы туралы айта бастаған еді. Британдық саясаттанушы С. Смит Құрама Штаттар негізінде жалпыға бірдей сайлау заңы формалды сақталатын, іс жүзінде сайлауларда сайлаушы тұрғындардың көпшілігі қатыспайтын демократияның американдық ықшамдалған түрін күйттейді дейді. Ол АҚШ-та кең тараған демократия үлгісін «зиялылар үшін жасалынған демократия» дейді. С. Смит АҚШ жүзеге асырып отырған жаһандық көшбасшылық тұжырымы «мәдени империализм» болуы мүмкін дегенді болжайды. Қазіргі уақыт дәл соның орын алғанын сипаттап тұрғандай. Соңғы онжылдықтар жаһандық саясаттағы американдық жетекшіліктің табысты орнығуымен сипатталды, халықаралық жағдай біршама күрделендіріле түсті. «Тұрақты бірполярлылық» және әлемдік дамуға «демократиялық жетекші державалардың» тиімді әрекеті жөніндегі опитамалды болжамдар ақталмады. Құрама Штаттар мен өзге әлем арасындағы қарама-қайшылық, дәстүрлі «проамерикандық бөлікпен» қоса алғанда, өзін айырықша айқындауда. Ирактағы АҚШ-тың өзгеше әскери-саяси дағдарысы, осы мәселе төңірегіндегі ішкі американдық пікірталастың көрініс алуы, күшпен реттеу мүмкіндіктерінің шектеулігі жөнінде ой қозғауға негіз боларлықтай. Американдық ғалымдардың гегемониядан көрі, тиімді көшбасшылық келбетінде Ақ үй талпынысының қажеттілігі оған бір уақытта шикізаттарды үнемдеуге де және ұлы держава статусын сақтап қалуға да мүмкіндік тудыратындығы туралы ойлары да өзін өзі ақтай бастағандай. Бұл жердегі АҚШ көшбасшылығы туралы ой, өзге де жетекші державалармен бірлесе әлемдік үдерістерді ұжымдық реттеу ауқымындағы көшбасшылық, оның ішінде АҚШ статусы шын мәнінде өте жоғары болмақ. 1990-ж. екінші жартысында АҚШ-тың арқасында халықаралық қатынастардағы тұрақтылық жүзеге асып, демократия мен нарықтық экономика «аумағы» кеңейгені туралы мәлімдеу уақытынан бұрын болатын. Шындығында бұл бағытта шығыс европалық елдер табысты ілгерлей бастады. Алайда, жалпы әлемде жағдай біршама күрделі болды. Ескі қақтығыстар бір жақтың мүддесінде шешіліп, шиеленістің жасырын келешегін бүркей бастады. Жаңа қақтығыстар пайда болып, каруләнуға бақылау жүйесі күйрейді, жаппай қырып жою каруларын иеленуге еңбектеу тұжырымы күшейіп,– оның ішінде біршама күшті державалардың да оған шатысуы орын ала бастайды. 2000-ші жылдардың басында жетекші демократиялық елдердің зияткер және саяси зиялы топтарының ортасында да көзқарастардың ішкі ашық үйлесімсіздігі айқындалады. Батыс елдері арасындағы пікір қайшылығының басты себебі де Вашингтонның сыртқы саясатымен тікелей байланысты. АҚШ сыртқы саясаты, оның ұстанымдары халықаралық қатынастардың даулы мәселесіне айналды. Осы тұста «американдық диаспоралардың шешім жасау үрдісіне ат салысуы қаншалықты маңызды ?» деген сұрақ туындайды. Ол үшін американдық көпұлтты қоғамның болмысына, оның тарихына терең көз тастау қажет.

## Пайдаланған әдебиеттер


1. Brzezinski Z. The Choice. Basic Books.-January 3, 2005.- 256 p.
2. Любимов А.П. Правовое регулирование лоббистской деятельности за рубежом / А.П. Любимов, С.П. Сиротенко / Электронный научный журнал «Представительная власть». — 2008
3. Lobbying Act 1988, c. 53, assented to 13th September, 1988.- Canada
4. Франк Ж. Фарнель. Лоббирование: стратегии и техники вмешательства. П.- Les Éditions d'Organisation.- 1994 .-118 с.
5. Commission of the European Communities: An open and structured dialogue between the Commission and Special interest groups, CEC:SEC(92)2272, final.(Brussels,1992)
6. Tageszeitung: Откровенный лоббизм никого в Германии не волнует http://www.dw.de/tageszeitung-откровенный-лоббизм-никого-в-германии-не-волнует/a-4713864
7. Jolitics: Bebo founder's political social network launches http://www.telegraph.co.uk/technology/social-media/8394883/Jolitics-Bebo-founders-political-social-network-launches.html
8. Особенности японского лоббизма http://dividendy.com/nemnogo-istorii/29-yaponiya-1984/955-osobennosti-yaponskogo-lobbizma.html



**Қилыбаева Б. Қ.**
**т.ғ.к., аймақтану кафедрасының доценті**
**Нұрмахан А.Ш.**
**«аймақтану» мамандығының 4 курс студенті**


## Жаһандану кезеңіндегі НАТО ұстанымдарындағы жаңа геосаяси бағыт-бағдар

1949 жылдың 4 сәуірінде Бельгия, Ұлыбритания, Дания, Исландия, Италия, Канада, Люксембург, Нидерланды, Норвегия, Португалия, АҚШ және Франция сияқты 12 мемлекеттің келісімімен құрылған Одаққа бұдан кейінгі мемлекеттердің қосылуын ресми түрде НАТО-ның кеңеюі деп атайды.

НАТО тарихында шығысқа қарай алты мәрте кеңею болды:

Бірінші кеңеюі: 1952 ж. 18 ақпанында – Греция, Түркия

Екінші кеңеюі: 1955 ж. 9 мамыры – Германия (Батыс Германия), ГДР — 1990 ж. 3 қазан

Үшінші кеңеюі: 1982 жылдың 30 мамырында – Испанияның толыққанды мүше атануы. (2001 ж. Испан социалистік жұмысшылар партиясы билікке келгеннен бастап, Испания НАТО-ның әскери органдарынан шықты)

Төртінші кеңеюі: 1999 ж. 12 наурызында – Венгрия, Польша, Чехия ұйымға енді.

**Даркенов Қ.Ғ**
**Әлемдік саясат пен экономикадағы АҚШ пен Қытай арасындағы бәсекелестік...... 144**
**Сергазин Е.Ф.**
**Региональный фактор в эпоху глобализации...... 150**
**Лаура Тәңірбергенқызы Исова**
**Жаңа саяси жүйесінің қалыптасуы жылдарындағы Түркияның сыртқы саясаты (XX ғасырдың 20-30 жж)...... 158**
**Нурсултанова Л.Н.**
**Международный опыт инновационного развития образования и науки...... 162**
**Исова Л.Т, Дүйсембиева Ә.М.**
**Еуропалық Одақтың қорғаныс саясаты: әскери стратегиясындағы басымдылықтар және қайшылықтар...... 167**
**Уайсова Ш.Н.**
**Инновационное и научно-техническое развитие Китая...... 173**
**Бейсебаев Р.С.**
**Топливно-нефтяной комплекс СССР в годы Великой отечественной войны...... 177**
**Bauyrzhankyzy A.**
**Values...... 183**
**Шадаева Шолпан. А., Маликова А. Н.**
**Германия және Еуроодақ...... 188**
**Кузьменко Инна Олеговна, 193**
**Исова Л.Т., Каримова А.Б.**
**Францияның сыртқы саясатындағы қауіпсіздіктің жалпы ұстанымдары. Ядролық мемлекет ретіндегі әлеуеті...... 206**
**Kilybayeva B.K., Bauyrzhankyzy A.**
**On the subject of "Currents and theories of Social Sciences" Book review Sociological Theory: Uses and Unities...... 214**
**Бөкешова Г.Қ.,Сейдахметова А.Е.**
**Франция - Еуропалық интеграцияқ үрдістердің қайнар көзі ретінде...... 219**
**Abilova Zhanna Nurtayevna**
**New trends of China's external economy: direction to Kazakhstan...... 224**
**Қожабек Назира Нурланқызы**
**Кытайдың Африкадағы сыртқы саясаты...... 229**
**Жолбарысова А.Ж.**
**Әлемнің даму үрдісіндегі ядролық қауіп...... 237**
**Серікова Д.**
**БРИКС: интеграциялық үрдісте инновация мен мүдделер тоғысуы...... 247**
**Исова Л.Т., Ракулова А.Ж.**
**Әлемдік саясаттағы күштер ара салмағының жіктелуіндегі лоббизмнің белең алуы мен мемлекеттердің лоббисттік**

**әрекеттерді реттеуі........................................................................................ 253**
**Қилыбаева Б. Қ., Нұрмахан А.Ш.**
**Жаһандану кезеңіндегі НАТО ұстанымдарындағы**
**жаңа геосаяси бағыт-бағдар........................................................................ 259**
**Жолбарысова А.Ж. ........................................................................................ 270**
**Ысқақов С.С.**
**Мұнай шикізаты ресурсын барлау, игеру**
**және тасымалдау қауіпсіздігінің кешенді мәселелері............................ 276**
**Қалаш С.**
**Корей Халық Демократиялық Республикасы ядролық**
**бағдарламасының пайда болуы..................................................................... 284**
**Қуралова А.Д.**
**Әлемдік саясаттағы мұсылман елдерінің салмағының артуы мен**
**орны. Ислам елдеріне қатысты көзқарас................................................... 291**
**Даркенов Қ.Ғ., Қожабек Н**
**ҚХР-дың экономикасын реформалаудың концептуалды негіздері.... 299**
**Бөкешова Г.Қ., Шадаева Ш.А.**
**Корей халқы салт-дәстүріндегі ерекшеліктер............................................ 308**
**Таргынова Меруерт**
**США и Китай: общие интересы и разногласия.......................................... 313**
**Бауыржанқызы Айқыз**
**Жапонияның Орталық Азия дипломатиясы:**
**"жұмсақ күш" саясаты негіздері.................................................................. 320**
**Сағынғали Бекзат**
**АҚШ миграциялық саясатын жүзеге асырудың**
**стратегиясы мен тактикасы........................................................................... 325**
**Айдарханова М.Т.**
**Қытайдың Орталық Азия елдерімен саяси**
**қарым-қатынасы: қалыптасуының ерекшеліктері,**
**проблемалары және факторлары.................................................................. 333**
**Гадельшиев А. Г.**
**«Центральная Азия как сфера интерессов Китая**
**в области энергетической безопасности»................................................. 339**